Сыр бойы

№38-39
(20312-20313)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

12 наурыз, сенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ www.instagram.com/syrboyi_kz https://twitter.com/syrboyi t.me/syrboyi_kz

4 Жекеменшік жатақханалар саны артады

5 Обыр неге өршіп тұр?

6 Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары

8 Өлеңдегі өр болмыс

ПРЕЗИДЕНТ

Бірқатар міндет айқындалды

Президент Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асановты қабылдады.

Мемлекет басшысына сот жүйесінің қазіргі жағдайы мен сот төрелігіне қатысты өзекті мәселелер туралы ақпарат берілді.

Жақып Асановтың айтуынша, былтыр аудандық соттар шығарған 1,2 миллион сот шешімінің 1,4 пайызын немесе 17 мың істі жоғарғы сатыдағы соттар кері қайтарған немесе өзгерткен.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап жұмыс істей бастаған әкімшілік соттардың қызметі туралы мәлімет берілді. Жарты жылда соттарға 14 мың талап арыз түскен. Мемлекеттік органдар әрбір екінші істе ұтылған. Бұрын қаралған істердің 85 пайызы мемлекеттік органдардың пайдасына шешілетін.

Президентке дауларды шешудің баламалы тәсілдері туралы баяндалды. Әкімдіктермен бірлесе отырып, жергілікті жерлерде соттан тыс медиация орталықтары құрылған. Соттар дау-дамайлардың мәмілеге келу арқылы шешілуіне көмектеседі. Бұрын тараптардың тек 3 пайызы ғана татуласса, қазір бұл көрсеткіш 34 пайызға жеткен.

Жоғарғы Сот төрағасы қылмыстық сот төрелігі саласында да ахуалдың өзгеріп жатқанын баяндады. Оның айтуынша, соттарда кінәлауға бейім тұру ісі тыйылып келеді. Соңғы 4 жылда ауыр және аса ауыр қылмыстар бойынша ақталғандар саны 7 есе (жылына 20-30-дан 200-ге дейін) көбейген.

Кездесу қорытындысы бойынша Мемлекет басшысы сот органдарын жаңғырту аясында жүзеге асырылатын бірқатар міндетті айқындап берді.

Тапсырма қалай орындалуда?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Санжар Жаркешовті қабылдады.

Президентке ұлттық газ компаниясының қазіргі жұмысы туралы және ішкі нарықты тауарлы газбен қамтамасыз етуге басымдық беру жөніндегі тапсырмасының орындалу барысы баяндалды.

Санжар Жаркешов газ саласын дамытудың кешенді жоспарының әзірленуі жөнінде баяндады. Аталған жоспар ресурстық базаны кеңейтуді және еліміздегі газ тасымалдау инфрақұрылымын жаңғыртуды көздейді.

Мемлекет басшысына сатып алу жүйесінің ашықтық деңгейін арттыру жөнінде берген тапсырмаларының орындалу барысы, сондай-ақ ұлттық компанияның кадр саясатындағы өзгерістер жөнінде ақпарат берілді.

Кездесуде құбылмалы геосаяси жағдайға байланысты туындайтын сын-қатерлерді еңсеруге бағытталған дағдарысқа қарсы шаралар талқыланды.

Кездесу қорытындысы бойынша Президент ұсынылған шешімдерді қолдап, толық аудит ұйымдастыру және компания қызметіндегі транспаренттілікті қамтамасыз ету жөнінде бірқатар тапсырма берді.

САПАР

Әрбір сарапталған іс сынақтан алып шығады

Өткен аптада Қызылорда қаласы маңындағы ауылдарға барып, ондағы тұрғындар мәселесін тыңдаған облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова жұмыс сапарын аудандарда жалғастырды. Облыс басшысы былтыр қуаңшылық зардабын тартқан Арал ауданында болып, шаруалармен кездесті. Сондай-ақ өңір басшысының жұмыс сапары Қазалыда жалғасып, су тапшылығының алдын алу және көктемгі вегетациялық кезеңде егін егу мәселелері бойынша жиын өткізді.

Ержан ҚОЖАСОВ,
«Сыр бойы»

Іссапар бойынша алдымен теңізді өлкеге барған аймақ басшысы аудандағы балық шаруашылығы саласындағы кәсіпкерлермен кездесіп, мамандармен пікірлесті. Естеріңізге салсақ, бұған дейін облыста балық шаруашылығын дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған Жол картасы әзірленген еді. Осының аясында өнім экспорты мен тауарлы балық өсіру көлемін арттыру көзделген. Қосымша 500-ден астам жаңа жұмыс орны да ашылмақ.

– «Көкарал» бөгеті іске қосылғалы ауданда балық шаруашылығы саласында оң қадамдар жетерлік. Қазір Кіші Арал су айдыны 18 учаскеге бөлініп, оның 11-і табиғат пайдаланушыларға 10 жыл мерзімге дейін бекітіліп берілді. Былтыр облыс бойынша балық аулау лимиті 7364 тонна болса, соның ең көп бөлігі Арал ауданына тиесілі. Ауданның өзінде 10 балық өңдеу зауыты бар, былтыр 3911 тоннасы он мемлекетке экспортқа шығарылды. Ең көп бөлігі Ресейге жіберілді. Бұған қоса, Польша, Грузия, Германия, Литва, Украина, тағы басқа сырт елдерге тасымалдануда, – дейді облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Бауыржан Шәменов.

Аймақ басшысы табиғат пайдаланушылармен пікір алмасу барысында көлдерді тауарлы балық шаруашылығына бейімдеудің маңыздылығына тоқталды.

– Біз байлығымыз саналатын теңізді, ондағы балықты сақтауымыз керек. Тағы бір мәселе, ол – балық аулау әдісі. Оны қазіргі заманға сай етіп, шаруашылықтарға заңды түрде учаскелерді белгілеп алсақ, жаңа жұмыс орнын ашуға өз септігін тигізеді, – деді облыс әкімі.

Сонымен қатар аудандағы клубтар мен кітапханалар құрылысы, аудандық маңызы бар көшелерді қайта жаңғырту және темір жол үстіне салынатын аспалы көпір жобасы назарға ұсынылды. Сондай-ақ аудандағы тарихи-өлкетану музейі мен көпқабатты тұрғын үйлер салу мәселелері де назардан тыс қалмады.

– Ауданда апаттық жағдайда тұрған клубтар бары рас. Біз мұндай ғимараттарды қайта салуды біртіндеп іске асырамыз. «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында Аманөткел мен Бөген ауылына салынатын жаңа клуб ғимараттарының да жоба-сметалық құжаттары жақын арада мемлекеттік сараптамадан толық өтеді. Бұған қосымша аудан орталығындағы мәдениет орталығы мен өлкетану музейін қайта жабдықтау үшін де қаржы қажет, – деді аудан әкімі Серік Сермағамбетов.

Сапар барысында облыс әкімі сала мамандарымен бірге ауыл шаруашылығы мәселелерін талқылауға арналған жиын өткізді. Онда аудан әкімі егін және мал шаруашылығы бағытында негізгі жұмыстарды айтса, су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі «Арал-Сырдария» бассейндік инспекциясының басшысы Сейілбек Нұрымбетов облысқа келетін судың қазіргі жағдайы мен алдағы болжамы туралы баяндады. Сондай-ақ, көлдер жүйесін суландыру мен оларды сақтап қалу жайы қозғалды.

– Былтыр Кіші Арал теңізіне 3160 млн текше метр су түсуі болжанса, нақты түскен су көлемі 1194 млн текше метр. Арал ауданы аумағында орналасқан «Қамыстыбас» және «Ақшатау» көлдер жүйесін суландыру мақсатында Аманөткел ауылдық округі тұсынан Сырдария өзеніне уақытша бөгет салынғаны белгілі. Осы бөгеттің көмегімен былтыр тамыз айынан бері жүргізіп отырған есебімізге сәйкес «Ақшақыз», «Аққой» каналдары арқылы «Ақшатау» көлдер жүйесіне 350 млн, «Жасұлан», «Қулы» каналдары арқылы «Қамыстыбас» көлдер жүйесіне 229 млн текше метр су түскен. Енді қазіргі қалыптасып отырған жағдай туралы айтар болсам, «Шардара» су қоймасындағы жиналған су көлемі 4,7 млрд текше метр ғана. Бұл «Көксарай» су реттегішімен қосқанда өткен жылмен салыстырғанда 0,9 млрд текше метрге аз, – дейді С.Нұрымбетов.

Кездесуде облыс әкімі вегетация кезеңінде судың аз келуіне байланысты тиімді тетіктерді қарап, суды аз қажет ететін дақылдар егуді алға тартты. Сондай-ақ, «Көкаралды» күрделі жөндеуден өткізу мәселесі де сөз болды.

– Бізге керегі – төрт түліктің басын аман сақтау және жоғарыдан түсетін су деңгейіне байланысты егін жұмыстарын мерзімінде бастау. Биыл да судың аз келуіне байланысты қарекетті қадамдарға шаруалармен бірге кірісуіміз қажет. Әкімдік тарапынан Жол картасы әзірленді. Картаға енген 65 жобаға Үкімет резервінен 3,6 млрд теңге бөлуге ҚР Қаржы министрлігінен келісім алынды. Сондай-ақ Үкімет резервінен барлығы 22 канал-ды тазалау, 41 ұңғыманы жөндеу және бұрғылау, 133 дана насос қондырғысын алуды жоспарлап отырмыз. Көлдерді суландыру мен балық шаруашылығына байланысты да мәселелер туындайтынын жақсы түсінемін. Көрші мемлекетте болып жатқан жағдай да ауыл шаруашылығына, оның ішінде экспортқа тікелей әсер етеді. Дегенмен, бірігіп мәселелерді шешудің тиімді тетіктерін қарастырсақ, бұл қиындықтан да шығамыз, – деді жиын барысында облыс басшысы.

Осы ретте аудандағы шаруа қожалықтары өкілдерінің ұсыныс-пікірлерін тыңдалып, жауапты басқарма басшыларына бірнеше тапсырма берілді.

Қажетті жем-шөппен қамтамасыз ету, құдықтар мен скважиналарды қазуға жоба-сметалық құжаттар дайындау да тапсырылды. Сондай-ақ, егін егу науқаны басталмай тұрып Аралдағы көлдер жүйесін суландыруға байланысты тиісті жұмыстар жүргізу, биыл егілетін 200 гектар картоп, көкөніс, бақша және жоңышқа дақылдарын қажетті сумен қамтамасыз етуді ұйымдастыру жүктелді.

2-бет

ПРЕСС-ТУР

Жаңақорған ауданында жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне арналған баспасөз туры өтті. Онда журналистер білім және ауыл шаруашылығы салаларында атқарылып жатқан жұмыстармен танысып қайтты.

Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»

Жаңақорғандағы жаңашыл жобалар

Аудан орталығы тұрғындары жылдан-жылға көбейіп келеді. Кентте жаңадан үй салушылар қатарын молайтты. Қазір «Ипподром» және «Саяжай» бөлігінде 10 мыңға тарта адам тұрады. Дегенмен, бүгінге дейін балалар алыста орналасқан мектептерге қатынап оқуға мәжбүр болды. Аталған мәселе тұрғындар тарапынан жиі қозғалатын. Көпшіліктің өтінішіне сәйкес енді бұл аумақта білім ордасы бой көтереді.

3-бет

САУЛЫҚ – САҚТЫҚТА

Күреспен өткен екі жыл

Әлем мемлекеттерінің, оның ішінде біздің еліміздің де коронавирус инфекциясымен күресіп келе жатқанына екінші жыл болды. Осыдан екі жыл бұрын, яғни, 2020 жылғы 16 наурызда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев республика көлемінде төтенше жағдай режимін енгізді. Содан бірнеше күн бұрын Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы коронавирусты пандемия деп жариялады, ал, алғашқы індет жұқтыру дерегі Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында тіркелген еді. Сол кезде төтенше жағдай 16 наурыздан бастап 15 сәуірге дейін созылады деп шешілді.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

3-бет

МАРХАБАТ ЖАЙЫМБЕТОВ – ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша облыс әкімінің өкімімен Жайымбетов Мархабат Жайымбетұлы облыс әкімінің орынбасары лауазымына тағайындалды.

Облыс басшысы жаңа орынбасарының қызметіне сәттілік тіледі.

– Мархабат Жайымбетұлы құрылыс, сәулет, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі салаларына жетекшілік жасайтын болады.

Әртүрлі салада жинақтаған мол тәжірибесін облыс тұрғындарын сапалы ауызсумен, үздіксіз энергетикамен, газбен қамтамасыз ету және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, табиғи монополиялар субъектілерін реттеу, коммуналдық қызметтерге тарифтерді белгілеу бойынша қарқынды жұмыс атқарады деп сенемін.

Жаңа қызметіңізбен құттықтай отырып, алдағы атқарар жауапты жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін! – деді Гүлшара Әбдіқалықова.

Мархабат Жайымбетов 1965 жылы Қызылорда облысында дүниеге келген. Волгоград ауылшаруашылық институтын, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін бітірген. Экономика және менеджмент PhD докторы.

Еңбек жолын 1989 жылы Қызылорда қаласындағы «ГлавАгроРемМаш» жөндеу механикалық зауытының энергетигі болып бастаған.

1993-2005 жылдары аймақтың мұнай-газ салаларында басшылық лауазымдарда қызмет атқарған.

2005-2008 жылдары Қызылорда облысы бойынша төтенше жағдайлар департаментінің бастығы, 2008-2010 жылдары Қызылорда облысы әкімінің орынбасары, 2010-2014 жылдары Қызылорда қаласының әкімі, Арал ауданының әкімі, 2014-2015 жылдары ҚР Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы лауазымында қызмет атқарды.

2015-2019 жылдары ҚР Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің төрағасы, ҚР Инвестициялар және даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің төрағасы.

2019-2021 жылдары ҚР Индустрия және инфрақұрылымды дамыту министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің төрағасы.

2021 жылдың мамыр айынан бастап осы кезге дейін ҚР Индустрия және инфрақұрылымды дамыту министрінің кеңесшісі қызметін атқарып келді.

ӘДІЛБЕК ЕРСҰЛТАНОВ – ҚАРМАҚШЫ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ

Бейсенбі күні Қармақшы ауданы активінің отырысында облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова жаңа аудан әкімін таныстырды.

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі мен Қармақшы аудандық мәслихатының келісімдері бойынша облыс әкімінің өкімімен Қармақшы ауданының әкімі лауазымына Ерсұлтанов Әділбек Бөрібайұлы тағайындалды.

Әділбек Ерсұлтанов 1976 жылы 18 қаңтарда Қармақшы ауданында туған. Абай атындағы Алматы мемлекеттік және Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеттерін бітірген.

Еңбек жолын 1992 жылы Қармақшы ауданында жұмысшы ретінде бастап, әр жылдары мемлекеттік қызметте жауапты қызметтер атқарған.

1998-2009 жылдары Қызылорда облыстық мемлекеттік архивінде қызметкер, Қызылорда қаласы әкімі аппаратында маман, бөлім басшысы, Талсуат ауылдық округінің әкімі болған. 2009-2016 жылдары облыс әкімі аппаратында бөлім меңгерушісі, Қармақшы ауданы әкімінің орынбасары, Қызылорда қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы қызметтерін атқарған.

2016-2019 жылдары «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы төрағасының орынбасары, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары болған.

2019 жылдың маусым айынан бастап осы кезге дейін Қызылорда облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары лауазымында қызмет атқарып келді.

Әрбір сарапталған іс сынақтан алып шығады

Сондай-ақ облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы аудан әкімдерімен бірлесіп кереті жем көлемін нақтылап, «Азықтүлік келісім-шарт корпорациясы» арқылы жеңілдетілген бағада жем сатып алуды ұйымдастыру, тауарөндірушілердің мал азығына жұмсаған шығындарын ішінара субсидиялауға қажетті қаржының бөлінуін пысықтауы керек. Мұнан бөлек, ветеринария басқармасына мал ауруларын болдырмау үшін мамандардың әр ауылды аралап, диагностикалық жұмыстар мен мал иелеріне сырғалау туралы түсіндірмені ұдайы жүргізу тапсырылды.

Облыс әкімінің Арал ауданындағы жұмыс сапары Сексеуіл кентінде қорытындыланды. Мұнда елді мекенді газдандыру, кентішілік жол салу, теміржолшыларға арналған 38 екіпәтерлік тұрғын үйдің құрылыс барысы, электр желілерін қайта жаңғырту жұмыстары мен «Құмсай» бөгетінің жағдайын талқылады. Сондай-ақ, кент тұрғындарын толғандырған мәселелерін тыңдап, пікірлесті.

Тұрғындар аймақ басшысынан ұзаққа созылған аурухана құрылысын аяқтауға ықпал етуге, елді мекенді газдандыру мен жастарды жұмысқа тарту бойынша ұсыныстарын айтты. Өз кезегінде облыс әкімі көтерілген мәселелерді жеке бақылауына алғанын айтып, аталған проблемаларға қажетті қаржы мәселесі кезең-кезеңімен шешімін табатынын жеткізді. Сондай-ақ, қаңтар оқиғасы кезінде қатынасы қиындаған пойыз жолаушыларына қонақжайлылық пен құрметтің үлгісін көрсеткен Сексеуіл кентінің жастарына алғыс айтып, ілтипатын білдірді.

Облыс әкімінің жұмыс сапары Қазалы ауданында жалғасты

Алдымен Жалаңтөс батыр елді мекеніне аялдаған аймақ басшысы ауыл халқының көптен күткен қуанышына ортақтасты. Аудан орталығына жақын орналасқан елді газдандыру жұмысы басталған еді. Жалғыз Жалаңтөс батыр ауылы ғана емес, іргелес жатқан Қ.Пірімов, Басықара елді мекендеріне де «көгілдір отын» келер күн жақын қалды.

– Бізде көптен күткен қуанышымыз орындалып жатыр. Аудан орталығынан кем емес, кереметтей ауылымызға газ тарту жұмыстары басталды. Берекелі елдің көптен бергі арман-тілегі осы еді. Ел ағаларына, осы жұмыстың басы-қасында жүрген азаматтарға аналық алғысым шексіз, – дейді ардагер ұстаз Дәрипа Қалмырза.

Аталған үш ауылды газдандыру құрылысы қатар жүргізілмек. Наурыз айында басталған жоба қыркүйекте аяқталады.

– Жалаңтөс батыр ауылында 273, Қ.Пірімов ауылында 235, ал Басықарада 325 тұрғын үйге газ тарту жұмыстары жүргізіледі. Бұған қоса әр аталған ауылда әлеуметтік нысандар бар. Оларды да қамтимыз. Жалпы үш ауылдағы жұмыстарды бес айда бітіру жоспарланған. Жобаның жалпы құны 883 млн теңге. Құрылысқа жергілікті тұрғындарды да тарту көзделген, – дейді мердігер мекеме «РемСтрой» ЖШС құрылыс учаскесінің бастығы Тұрмағанбет Бекмұратов.

Мұнан әрі аймақ басшысы Бозкөл ауылдық округіне барып, тұрғындардың мәселелерін тыңдады. Бозкөлдіктер ауылға балабақша салу бойынша ұсыныстарын жеткізді. Облыс әкімі тұрғындардың тілектерін назарға алып, балабақша салу ісін таяу уақытта бастауға ниетті екенін айтты.

Қазалыдағы тағы бір қуаныш – көпір құрылысы. Әсіресе күз бен көктем уақытында дарияның арғы бетінде отырған халыққа тым қиын. Су үстіне салынған қалқыма қайық көпірдің дариядағы сеңнің соққысына шыдамайтыны анық еді.

Енді тұрғындар бұл қиындықтан құтылады. Биыл Қазалыдағы «Қарлаң» учаскесіне көпір құрылысы басталды. Бұған дейін аудандық маңызы бар «Қазалы-Қожабақы-Бозкөл-Кәукей» автомобиль жолының 16-шақырымында орналасқан учаскеде Сырдария өзені арқылы темірбетонды көпір салу үшін жоба-сметалық құжаттары әзірленген болатын. Бүгінде мемлекеттік сараптама қорытындысы алынған құрылыстың жалпы құны 4 жарым млрд теңгеге жуықтап отыр. Қазалыға сапарында облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова «Қарлаң» учакесінде болып, жұмысшылармен бірге жаңа көпірдің іргетасын қалады.

– Көптен бері өзекті мәселе болып келген «Қарлаң» учаскесіне темірбетонды көпір құрылысын салу мәселесі оң шешімін тапты. Биылғы жұмысына республикалық бюджеттен қаржы бөлініп, арғы бетте тұратын 12 мың халықты қуантып отыр. Жаңа көпір түссе, аудан орталығына еш қорқынышсыз қатынай аламыз, – дейді Жанкент ауылдық округінің тұрғыны Нәби Үргенішбай.

Рас, дарияның арғы бетінде орналасқан Қазалының «Бірлік», «Өркендеу», «Тасарық», «Лақалы», «Қожабақы», «Бозкөл, «Кәукей» сияқты ауыл халқы мұны көп жылдан бері күтіп жүргені де шындық. Енді елді мекендегілердің көктем мен күзгі сең жүру кезінде қиындық көрмейтіні қуантып тұр. Аймақ басшысы Сырдария өзені арқылы өтетін темірбетон көпірі құрылысының маңыздылығына тоқталып, тұрғындармен кездесу барысында бұл нысанның ерекше бақылауда болатынын жеткізді.

– Бүгінгі күні аталған көпірді салу үшін жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, мемлекеттік сараптама қорытындысы алынды. Көпірдің экономикалық тиімділігі де зор. Себебі, сауда-саттық қарымқатынасын жақсартуға және Сырдария өзенінің арғы бетіндегі егін және балық шаруашылығын дамытуға оң септігін тигізеді. Қауіпсіз және тұрақты көлік қатынасымен қатар, медициналық қолжетімділікке оң әсерін беретін болады. Жалпы Қазалы ауданында жол салу, инфрақұрылым жүргізу, әлеуметтік нысандар салуға бағытталған 10-нан астам жоба жүзеге асырылады, – деді өз сөзінде облыс әкімі.

Сырдария өзені үстіне түсетін көпір ұзындығы 250 метрге жуықтайды. Ені 13 метр, жолы екі жолақты болмақ. Бұған дейін құрылысын бастау үшін республикалық бюджеттен қаржы бөлініп, салалық басқарма тарапынан мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланған еді. Қазір жеңімпаз болып «Стандарт Ойл КЗО» ЖШС танылған.

Қазалыда жаңа мектеп салынуда. Аудан орталығындағы «Достық» көшесінен 250 орындық білім ордасының қабырғалары өріліп, шатырлау жұмыстары басталған. Мектеп жанынан қосымша ғимарат қосу жұмыстары жүруде. Облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының тапсырысымен бұл нысанға 850 млн теңгеге жуық қаржы бөлінген. Екіқабатты ғимарат тамыз айында пайдалануға берілмек.

Мұнан кейін облыс әкімі сала мамандарымен бірге ауыл шаруашылығына арналған арнайы жиын өткізіп, ортақ мәселені талқылады. Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев егінді әртараптандыру, су жүйелерін тазарту, бекеттерді жөндеу мен каналдарға механикалық тазалау бойынша өзекті мәселелерге тоқталып, негізгі жұмыстарды тізбеледі.

Облыс әкімі биылғы су деңгейінің төмендігіне орай, шекті мөлшердегі лимитке қарай әрекет ету, төрт-түлік малға қажетті жем-шөпті уақытылы жеткізу және егінде суды аз керек ететін өнімдерге мән беру қажеттігін еске салды. Сондай-ақ ветеринар мамандардың ауыл-ауылдарды аралап, көмек көрсету және субсидия беру мәселесін де заңдылықты түсіндіру қажеттігін ескертті.

– Егін, мал шаруашылығында бірлесіп, шаруалардың мәселесін саралай келе тиімді шешім қабылдау үшін осында жиналып, пікірлесіп отырмыз. Биыл жағдай күрделі сипатта өтуі мүмкін деген болжам бар. Сондықтан аудан әкімдері сала басшыларымен бірге әрбір ауылдағы мәселені зерделеп, егін көлеміне су жіберу үшін нақты жоспар құрып, бақша дақылдарын егу, мал басын аман сақтап қалу үшін төрт түлікке керек дәрі-дәрмек, малды сырғалау және вакциналау жұмыстары кезінде тиянақты іс-әрекет жасауы қажет. Кеше Арал ауданында да шаруалармен кездескенде негізгі деген мәселелерді тізбектеп алдық. Сондықтан өзекті деген насос қондырғыларын алу, каналдарды тазарту ісіне қаржы бөліп отырмыз. Әрі қарай көрші мемлекет тарапынан берілетін су деңгейінің лимиті аясында өзіміз үшін, шаруалар үшін тиімді шешім қабылдауымыз қажет, – деді облыс әкімі.

Айта кетейік, су деңгейінің аз болуына байланысты қуаңшылықтың алдын алуда Жол картасы әзірленіп, 65 жобаға ҚР Үкіметі резервінен 3,6 млрд теңге бөлу үшін ҚР Қаржы министрлігінен келісім алынды. Сондай-ақ, 22 канал тазалау, 41 ұңғыманы жөндеу және бұрғылау, 133 дана насос қондырғысын алу жоспарда бар. Мұнан бөлек, 157 шақырым болатын 20 канал тазалау мен елді мекендерге қажетті 23 насос қондырғысы орнатылады. Оның ішінде Қазалы ауданын аяқсумен қамтамасыз ету мақсатында 1 дана дизель насос алу үшін де қаржы қаралған.

Жиын соңында облыс әкімі сала басшыларына аудан әкімдерімен бірге егінге қажетті судың лимитін нақтылап, әр ай бойынша он күн сайын облысқа су жеткізу кестесін бір апта мерзімде белгілеп ұсынуды, ауданаралық магистральді канал бойынша су жеткізудің 10 күндік кестесін әзірлеп, 25 наурызға дейін бекітуді және көктемгі су алу науқаны басталғанға дейін тиісті нысандарды жөндеу жұмыстарын толық аяқтауды жүктеді.

Сондай-ақ, Қазалы ауданы елді мекендерін аяқсумен қамтамасыз ету үшін каналдарды тазалау, су насостарын алу, шалғайдағы жайылымдарды суландыру мақсатында аудан аумағынан қажетті жаңадан скважиналар қаздыру үшін жоба-сметалық құжаттар жасатуға қаржы көлемін пысықтауды тапсырды. Мұнан бөлек, ауру малды анықтау, ветеринариялық шараларды ұдайы жүргізуді міндеттеді.

Облыс әкімінің жұмыс сапары бүгін Қармақшы ауданында жалғасады.

Суреттерді түсірген
Б.ЕСЖАНОВ

1-бет

Төлемдер қалай субсидияланады?

Мемлекет басшысы, «AMANAT» партиясының Төрағасы, Қ.Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында белгілі әлеуметтік топқа кіретін отбасылардың басым бөлігі пәтер жалдап тұратынын және табысының басым бөлігін пәтер ақысына жұмсайтынын атап өткені белгілі. Осы мәселені шешу үшін арнайы мемлекеттік бағдарлама әзірлеп, пәтер ақысының 50%-ін субсидиялауды тапсырған болатын. Сәуір айында халықтың әлеуметтік осал топтары үшін пәтер жалдау төлемдерін субсидиялаудың жаңа тетігі іске қосылады.

– Партия қоғамдық қабылдау бөлмелерінің жұмысы – азаматтардың өтініштерін қанағаттандырумен қатар, Партия Төрағасы алға қойған негізгі міндеттерді сонымен қатар, ел игілігіне бағытталған жобалардың маңыздылығын түсіндіру, насихаттау. Келіп түсетін өтінштерді талдап қарар болсақ, баспана мәселесі алғашқы орында. Бағдарламаның тетіктерін, мүмкіндіктерін сұрастырып, партия алаңына келушілер саны да артып отыр. Шарттарды халыққа кеңінен түсіндіру мақсатында «Отбасы банк» және «Халыққа қызмет көрсету орталығы» секілді сала өкілдерімен бірлесіп, Ашық есік күнін ұйымдастырып отырмыз, – дейді «AMANAT» партиясы облыстық филиалы Атқарушы хатшысының орынбасары Алтынбек Жарылқасынов.

Партия қалалық филиалының ғимаратында өткен Ашық есік күніне 50-ге жуық азамат келіп, өздерін толғандырған сауалдарына жауап алды. Солардың бірі – Мөлдір Салықова. Бес баламен пәтер жалдап тұрады. Тұрғын үй кезегіне тіркелген. Ол бағдарлама шарттарының тиімді, тиімсіз тұстарын айтты.

– Бағдарлама, әрине біздер үшін тимді. Алайда жалға берушілер үшін тиімсіз жақтары көп секілді. Біріншіден, олар түскен қаржыдан салық төлейді. Онан бөлек, көптеген құжат жинақтайды. Кейбіреулер үшін жеке кәсіпкер ретінде тіркелуі де міндеттеледі екен. Сондықтан жалға беруші жалға алушымен келісуі екіталай. Осы мәселелер бағдарлама қолданысқа енбес бұрын ескерілсе, – дейді ол.

Атап өтейік, бұл мүмкіндікті бірыңғай республикалық электрондық базада төмендегі санаттар бойынша тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтар ғана өтініш беріп пайдалана алады. Олар: I және II топтағы мүмкіндігі шектеулі азаматтар, мүмкіндігі шектеулі балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар, қәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған, жиырма тоғыз жасқа дейінгі жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынан айырылған балалар, сондай-ақ «Алтын алқа», «Күміс алқамен» наградталған немесе бұрын «Батыр Ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар. Өтініш берушіге қойылатын негізгі талап – отбасының төмен табысы, яғни, азаматтың соңғы 6 айдағы жиынтық табысы отбасының әр мүшесіне шаққанда ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспауы тиіс.

Субсидия алуға үміткер otbasybank.kz порталында «Баспана маркет» маркет плейсіне тіркелуі қажет. Оны электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) көмегімен жасауға болады. Сондықтан оны алдын ала алып немесе қолданыстағы ЭЦҚ-ның жұмыс істеп тұрғанын тексеру керек. Порталда тіркелгеннен кейін субсидия алуға өтініш беруші оған төлемдер тағайындалуы үшін стандартты өтініштерді толтырып, өзіне қолайлы пәтер немесе үй табады. Жалға алу келісімшарты порталда үлгі нысаны бойынша автоматты режимде рәсімделеді. Оған платформада субсидия алуға өтініш беруші (жалға алушы) мен баспананы жалға беруші қол қояды.

– Жеке куәлік, неке немесе некені бұзу туралы куәліктер, балалардың туу туралы куәліктері, тұрғын үйдің бар-жоғы туралы анықтамалар, тіркеу және кіріс туралы мәліметтерді «Отбасы банк» мемлекеттік органдардың деректер базасымен бірігуі арқылы дербес тексереді. Субсидия алуға өтініш беруші туралы барлық деректерді тексергеннен кейін біз шот ашуға көмектесеміз. Өтініш беруші оған жалдау құнының жартысын аударуы керек. Содан кейін «Отбасы банк» қалған 50%-ін қосып, жалпы соманың 100%-ін жалға берушінің шотына аударамыз. Ескерте кететін жайт, бұл жерде жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғынжай үшін азаматтардың жекелеген санаттарына төлемдер тағайындау және жүзеге асыру қағидаларына сәйкес, жақын туыстардан және жұбайлардан, оның ішінде бұрынғы жұбайларынан және ерлі-зайыптылардың туыстарынан тұрғын үйді жалға алуға, сондай-ақ қайта жалға өткізуге тыйым салынады, – дейді «Отбасы банк» облыстық филиалы директорының орынбасары Дастан Тасыбаев.

М.ӘМІРЕҰЛЫ – 80

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, қаламгер, ақын Махмұтбай Әміреұлының 80 жасқа толуына орай облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының ұйымдастыруымен Қызылорда қалалық А.Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйінде «Жыр жайсаңы» атты мерекелік шара өтті.

АҚЫННЫҢ МЕРЕЙІ – ЕЛДІҢ МЕРЕКЕСІ

Салтанатты шараны облыс әкімінің орынбасары Қайрат Нұртай құттықтау сөзбен ашып, мерейтой иесіне ұлттық дәстүрмен шапан жауып, сый-сияпат тарту етті.

Қазақстан Жазушылар одағының облыстық филиалы төрағасы Қаршыға Есімсейітова ақынның қаламгерлер ортасындағы лайықты орын атап өтіп, қазақы құрмет көрсетті.

Сондай-ақ, «Сыр медиа» ЖШС бас директоры, Қазақстан Журналистер одағы облыстық филиалының төрағасы Аманжол Оңғарбаев ардагерге қаламгер ізбасарларының атынан жүрекжарды лебізін арнап, сый мезірет жасады.

Ал, облыстық ардагерлер кеңесінің хатшысы Мақсұт Баекеев ақынды құттықтап, алдағы кезеңде ардагерлер ұйымы тарапынан арнайы шара өткізетіндіктерін мәлім етті.

Облыстық Жастар театрының артистері ақын өлеңдерін нәшіне келтіре оқыды. Облыстық филармония әншілері автор сөзіне жазылған әндерді шырқады.

Махмұтбай Әміреұлының композитор Тәңірберген Қалауовтың әніне жазылған «Қызылорда вальсі» алпыс жылдан бері сахнадан түспей, Сыр елі жастарының гимніне айналған дүние. Осы шарада атақты әнді жергілікті өнерпаздар Сымбат Тасбергенова мен Айдос Иманжапбаров орындап, жұртшылық жүрегін көнермейтін әуен ырғағымен тербетті.

М.Әміреұлы есімі жырсүйер жұртшылыққа «Жүзім бағы», «Қызыл жыңғыл», «Ақ сәуле», «Сырдария-жырдария» секілді бірнеше жыр жинағымен таныс.

Тәуелсіздік жылдары ақпарат айдынына «Сыр мектебі», «Сыр ардагері», «Ардагер айнасы» секілді газеттерді қосып, аймақтың рухани өміріне жаңа леп әкелді.

Облыстың мәдениеті мен өнеріне сіңірген осындай еңбектері бағаланып, М.Әміреұлы «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталған. Сырдария ауданының және Қызылорда қаласының құрметті азаматы атағын алған.

Үш мәрте «Алтын домбыра» сыйлығының иегері, айтыскер ақын Мұқтар Ниязов жүргізген мерекелік шара өз көрермендеріне ұмытылмас әсер, шаттық шалқытқан көңіл күй сыйлады.

«СБ» ақпарат

АҒА

(Махмұтбай Әміреұлына)

Дарияда кемелдіктің кемесі,
Сахарада хантөбенің төбесі.
Бұрынғы өткен Сексенбайдың
әкесі,
Бүгін жеткен сексен жастың егесі.

Соңыңызға ердік, аға, тайлақтай,
Желе шаптық басымызды
байлатпай,
Ошарыла қарап қоям сіз жаққа,
Өлеңімде ой айтқанда оймақтай.

Өмір деген біз білетін осы екен,
Қасыңызда көрінбейді Әсекең.
Кешегінің қуанышы бүгінгі,
Көзімізден тамып кеткен
жас екен.

Арқа төсеп, жерге қойып тіземді.
Атқа салар болам сізге үзеңгі.
Отырыңыз тағыңызды алтындап,
Ортамыздай абыздай боп сіз енді.

Ағаларды асқақтатам дархан деп,
Сізден бөлек шалқаюға
арқам жоқ.
Аға болғым келмейді, аға, өтінем,
Жүз жасаңыз ініңізге қалқан боп.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ

Жаңақорғандағы жаңашыл жобалар

Аудан әкімі Руслан Рүстемов және жергілікті тұрғындар жаңа мектептің іргетасын қалау рәсіміне қатысты. Келешекте мектепте бір ауысымда 300-ге тарта жеткіншек білім алуына мүмкіндігі бар.

– Өткен жылы бұл мақсатта облыстық бюджеттен қаржы бөлінді. Былтыр жер тегістеу және жобалау жұмыстары жүргізілді. Мектеп құрылысына 1 млрд теңгеге жуық қаражат қаралған. Енді, міне келешекте жас өрендердің бал күлкісіне бөленетін білім ұясының іргетасын қалау рәсіміне келіп отырмыз. Жалпы, биыл облыс бойынша салынып жатқан мектептердің 3-і Жаңақорған ауданында жүргізілсе, 2 балабақша алдағы уақытта елдің игілігіне айналады. Оған қоса 5 мектептің жобасметалық құжаттары дайындалуда, – деді аудан әкімі көпшілік алдында.

Аталған іс-шара барысында білім саласында ұзақ жылдар бойы қызмет атқарған еңбек ардагері Серік Мұсабай игілікті іске жұртшылық атынан ризашылығын білдірді. Сондай-ақ, енді осындай мектепті «Саяжай» аумағынан салу жөнінде тұрғындар өтінішін жеткізді.

Мектеп құрылысына «Авангард ПГС» ЖШС бас мердігер болып танылған. Серіктестік басшысы Расул Ысқақовтың айтуынша, қазір мұнда 100-ге тарта адам еңбек етуде. Жобаны іске асырудың нақты мерзімі – 2023 жылдың наурыз айы. Десе де, оны биылғы жылдың соңына дейін толықтай аяқтау көзделіп отыр.

Құрылыс жұмыстарына отандық өнімдер пайдаланылуда. Мәселен, кірпіш Қызылорда, Хромтау, Көкшетау қалаларынан жеткізіледі. Ал цемент Шиеліден алдырылса, қиыршық тас пен құм қоспасына жергілікті өнім пайдаланылады.

– Рас, тұрғындар саны өсіп, аудан орталығында жаңадан шағын аудандар ашылды. Қазір «Ипподром» аумағының өзінде 5-6 мыңға жуық адам тұрады. Балалар алыста орналасқан мектептерде оқуға мәжбүр болып жүрген еді. Енді сол қиындықтан құтылатын болдық. Осы аумақта мектеп салынады деген хабарды естігенде қуанып қалдық. Жергілікті тұрғындар атынан игілікті істі қолға алған барлық азаматтарға ағалық алғысымды білдіремін, – деді еңбек ардагері Сәулебек Қалыбаев.

Облыстағы іргелі жобалардың қатарында саналатын құс фабрикасы құрылысы қарқынды жүргізілуде. Бұл жобаны «Абдулла» шаруа қожалығы жүзеге асырады. Онда келешекте 3,5 мың тонна құс еті өндіріледі.

Шаруа қожалығының жергілікті өкілі Ерлан Пірманбетов аталған жобаға байланысты жан-жақты баяндап берді.

– Құс фабрикасы іске қосылғаннан кейін облыс халқы тұтынатын құс етінің үштен бір бөлігін өндіруге қол жеткізіледі. Қазір 6 құс қорасы мен 1 құс сою пунктінің құрылысы жүргізілуде. Оған қоса жұмыс жасайтын тиісті техникалар алынды. Жоба жүзеге асқанда мұнда 110 адам еңбекпен қамтылады. Былтыр аталған жоба өңірлік индустрияландыру картасына енгізілген. Бүгінгі таңда инфрақұрылымдарды жеткізу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бұл бойынша жақында сараптама қорытындысы шығарылады, – дейді ол.

Жобаның жалпы құны 5 млрд теңгеден асады. Оның 2,8 млрд теңгесі «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы берілсе, қалған бөлігі қожалық есебінен тартылады. Өндіріс орны ашылғаннан кейін жылына 3500 тонна өнім шығару жоспарланып отыр.

Биыл аудан еңбеккерлері үшін жауапты кезең саналады. Диқандар дария деңгейіне көз тігіп отыр. Алдын ала жорамал бойынша су мәселесі қиын тиетін түрі бар. Сондықтан бұл бағытта тиісті жұмыстар атқарылуда.

Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Талғат Зейдалиевтің айтуынша, былтыр жергілікті диқандар су тапшылығы жағдайында жұмыстарын үлкен жауапкершілікпен атқарды. Әрбір тамшы судың тиімді пайдаланылуына көңіл бөлінді. Магистральді және шаруашылықаралық каналдарды тазалауға назар аударылып, су жеткізуге арналған насостар қойылды. Әртараптандыру мәселесі ескерілді. Осылайша сын сәтте сыр бермей, мол өнімге негіз қаланды. Осындай нақты жұмыстар биыл да жалғасын табады.

Қожакент ауылындағы «Арай» шаруа қожалығы көктемгі дала жұмыстарын бастап кеткен екен. Шаруа қожалығы 2017 жылы құрылған. Инженерлік жүйеге келтірілген егістік алқабы бар. Онда күріш, жоңышқа, бидай өсірумен айналысады. Қазір мұнда 130 гектарға егілген күздік бидайдың үстінен бүркемелеп жоңышқа дақылын егуге мән берілді.

– Рас, кейінгі жылдардағы қиындық жергілікті диқандарға оңайға соғып жатқан жоқ. Дегенмен өзіміздің етене кәсібіміз болғандықтан барлық ауыртпалықты жеңіп келеміз. Биыл да үлкен үмітпен үлкен істі қолға алдық. Әрине, қазір тек күріш еге беру тиімсіз. Сондықтан дақылдарды әртараптандыруға назар аударып отырмыз. Күрішпен бірге бидай, мақсары, жоңышқа егуге көңіл бөлмекпіз, – дейді шаруа қожалығының бригадирі Жүсіп Бейбітов.

Жергілікті диқандар «Келінтөбе» магистральді каналына тікелей тәуелді. Ол аудандағы бірнеше ауылдың жанынан бойлай ағып жатыр. Айта кетерлігі, көп жылдан бері оны тазалау жұмыстары ұмыт қалған еді. Қазіргі таңда онда «Қазсушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының тарапынан тазалау жұмыстары қолға алынып отыр. Ол каналдың 8,6 шақырым бөлігінде жүргізіледі.

Баспасөз туры «Тұрғанбай» өнер орталығындағы жұмыстармен танысумен түйінделді. Бұл жоба мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде қолға алынып отыр. Жас өспірімдерді өнерге баулу және олардың шығармашылығын арттыру мақсатында қолға алынған игі істің жас ұрпақ тәрбиесіне тигізетін пайдасы зор.

Аталған жобаны жергілікті кәсіпкер Индира Убайдаева қолға алған. Орталықта өрендер өнердің 7 түрі бойынша қабілетін арттырады. Атап айтқанда, олардың қатарында ұлттық (халықтық) билер, домбыра үйрену және ән салу, көркемсөз оқу, актерлік өнер, сурет салу, қолөнер (кескіндеме) секілді үйірмелер бар.

– Әрбір үйірмеге білікті мамандарды тартуға көңіл бөліп отырмыз. Ұстаздар жеткіншектердің өнерді жете меңгеруіне зер салады. Қазірдің өзінде балалардың қызығушылығы ерекше. Жалпы, балалардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында бұл жоба еліміз бойынша кеңінен өріс алды. Облыс аумағында мұндай орталықтар ашылып жатқанынан хабардармыз. Ал аудан бойынша алғашқылар қатарында осы істі қолға алып отырмыз, – деді И.Убайдаева.

Жалпы, әрбір жоба халықтың игілігіне арналған. Бұл елдің дамуына оң әсерін тигізеді. Мәселен, білім саласына жасалған бастамалар келешекте өз жемісін беретіні анық. Ал азық-түлік қауіпсіздігін сақтау бағытындағы ауыл шаруашылығының өрістеуіне пайдасы орасан.

1-бет

Күреспен өткен екі жыл

Алайда, 10 сәуірде Президенттің төрағалығымен өткен Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комиссия отырысында төтенше жағдай режимі сәуір айының аяғына дейін созылатыны белгілі болды. 27 сәуір күнгі жаңа Жарлыққа сәйкес режим 11 мамырға дейін ұзартылды. Осыдан соң вирустың таралуы 7 есеге дейін өсті. Эпидемиологиялық ахуалды ескере отырып, мемлекеттік комиссия 5 шілдеден бастап 14 күнге тағы да шектеу енгізді. 13 шілде коронавирус індетінен қайтыс болғандарды еске алу – Жалпыұлттық аза тұту күні болып белгіленді. Содан бері өткен уақыт аралығында аурудың өршуі мен төмендеуіне қарай карантин талаптары біресе қатаңдатылады, біресе босаңсиды. Мұнан кейін де ауру айылын жиған жоқ.

Негізі о баста, яғни, 19 наурызда Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында карантин енгізіліп, адамдардың бұл қалалардан шығуы мен кіруі шектелді. Кейін бұл шектеулер бүкіл елге тарады. Үлкен сауда орындары жабылып, тек азық-түлік дүкендері мен дәріханалар жұмысына ғана рұқсат берілді. 22 наурыздан бастап аталған қалалардан шығатын жолдар толығымен жабылды, әуе және теміржол қозғалысы тоқтатылды. «Көрінбейтін жаумен» күреске күллі ел жұмылды. Індеттің жолын кесуде алдыңғы шепте, әрине, дәрігерлер тұрды. Олар өз өмірін қатерге тігіп, балашағасынан жырақта жүріп еңбек етті. Алғашқы жылдың шілде-тамыз айлары кесел жұқтырып, қайтыс болғандар қатары күн санап өсіп жатты. Ертеңгі күнді ойлаудың өзі қорқынышты еді. Қоғам қалыпты өмір ырғағынан ажырап, індет әкелген заңдылықпен күн кешті. Медицина, білім беру, экономика, шағын және орта бизнес салалары қатаң карантиндік талаптарға бағынып, ауру таратпау жағына бейімделді. Ең алдымен білім саласы бұрын-соңды тәжірибеде болмаған оқу үдерісіне көшуге мәжбүр болғаны белгілі. Мектептер мен оқу орындары қашықтан оқу процесін қолдана бастады. Өйткені тығырықтан шығудың басқа амалы жоқ еді. Оқушылар мен мұғалімдердің онлайн арқылы байланысуы цифрландыру саласындағы кемшіліктерді, «бәрі тамаша» деген ақпардың қаншалықты шынайылығын көрсетіп берді. Сондай-ақ, ауру өршіген кезде дәрі-дәрмек, қажетті құрал-жабдықтар мен төсек-орын тапшылығы бұл саланың да дайындық деңгейін аңғартты.

Десе де, 2020 жылдың аяғында мемлекет жағдайды түзеуге барынша күш салды. Жұмысы тоқтап, қаңтарылған кәсіпкерлер, тұрғындар карантиндік талаптарға қарсылықтарын білдіріп жатты. Осы орайда «Ashyq» мобильді қосымшасы көмекке келді. Былтыр 17 қаңтарда іске қосылған қосымша алдымен оған үш қала, атап айтқанда, Алматы, Нұр-Сұлтан және Қарағандыда сыналды. Кейіннен барлық қалалар қосылды. Жоба карантинге байланысты қызметі шектелген бизнес субъектілеріне жұмысын қайта бастауға мүмкіндік берді. Қосымшада адамдар ауру жұқтырып-жұқтырмағанына байланысты қызыл, сары, көк және жасыл түстерге бөлінеді, осы арқылы аурудың таралуын тежеуге ат салысады.

Індетпен күрес мұнымен шектелген жоқ. Бұл орайда әлем ғалымдары кеселдің жолын кесудің бірден-бір жолы – вакцина екенін айтып, ауруға қарсы екпе жасауға күш салды. 2020 жылы қарашада Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы пандемия әлем халқының шамамен 70 проценті вирусқа қарсы вакцина алған кезде аяқталуы мүмкін екенін мәлімдеді. Ал елімізде вакцина егу былтыр 1 ақпанда басталды. Бірақ процесс өте баяу жүргені сонша, Президенттің сынына іліккен еді. Алғашқыда Ресейден әкелінген препаратпен вакциналау басталды. Ал 15 ақпаннан бастап «Спутник V» вакцинасы қолданылды.

Кеселге қарсы вакцина жасап шығаруда өз ғалымдарымыз да үлкен үлес қосты. Отандық «QazVac» вакцинасы соның айғағы. Оны ҚР Білім және ғылым министрлігіне қарасты биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары әзірледі. 26 сәуірден бастап қазақстандықтар «Спутник V» вакцинасымен бірге қазақстандық екпені салдыруға мүмкіндік алды.

«QazVac» – «өлтірілген» вирустан жасалған вакцина. Былтыр көктемде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы отандық препаратты коронавирусқа қарсы вакциналық кандидаттардың тізіміне енгізді. Бастапқыда отандық өнім «QazCovid-in» деп аталды. Ол вакцинаның ғылыми, ал «QazVac» – бренд атауы.

Норвегиялық steigan.no басылымы қазақстандық вакцина туралы ауқымды мақала жариялады. Олар бізде өндірілген екпенің ерекшеліктері туралы айтқан. «Бастысы, бұл вакцинаны сақтау температурасы. Қарапайым тоңазытқышта 1 жылға дейін бұзылмай тұра береді. Бұл кедей елдер үшін аса маңызды», – деп жазған мақалада.

Сондай-ақ, «біз үшін ең таңғаларлығы, Қазақстанның екпе ойлап тапқанында емес, оны шын вирустың негізінде жасап шыққаны. Біздің білуімізше, фармацевтикалық алыптар вакцинаны вирустан емес, оның компьютерлік моделінен жасаған. Ал «QazVac» тәжірибелік элементтері жоқ, дәстүрлі екпе болып шықты», – деп жазған steigan.no тілшісі.

Жалпы «көрінбейтін жаумен» күреске толы кейінгі екі жыл адамзатқа, оның ішінде біздің елімізге көп нәрсені үйретті деп айтуға болады. Ең біріншіден ол – білім мен ғылымды терең меңгерудің маңыздылығын түсіндірді. Әлемдегі алпауыт елдермен теңесу үшін «QazVac»-ты әзірлегендей, басқа да технократтық, яғни, ғылыми-техникалық табыстарға ұмтылу қажеттігін ұғындыра түсті. Онан кейін, денсаулықтың қадірін білуді түйсіндірді. «Бірінші байлық – денсаулық» деп айтқанымызбен, шын мәнінде оны бағалай бермейтінімізді, саулығымызға салғырт қарайтынымызды анық байқатты. Бұл індет адамзат үшін бауырмалдық, қайырымдылық, бірлік деген қасиеттердің ұлылығын тағы бір дәлелдеді.

Бүгінде еліміздің барлық өңірлері «жасыл» аймақта, яғни, эпидахуал тұрақталды. Әйтсе де, індеттен біржола құтылғанымыз жоқ. Жуырда ғана ДДҰ Төтенше жағдайлар бөлімшесінің техникалық тобының басшысы Мария ван Керкхов Еуропада инфекцияның жаңа штамы – Дельтакронның анықталғанын мәлімдеді. Соның ішінде Францияда, Нидерландыда, Данияда тіркелгені расталып отыр. Олай болса, сақтыққа салғырт қарамайық.

1-бет

Биыл Сыр өңірінің белгілі білім ордасы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің құрылғанына 85 жыл болады. Осы кезеңде университет қабырғасында қазақтың атпал азаматтары, ғалымдар, оқытушылар абыроймен қызмет атқарды, атқарып келе жатыр. Солардың бірі және бірегейі – өңіріміздің белгілі азаматы, ғалым, ұстаз Қазыбай Құдайбергенұлы. Қазақтың ұлы ойшылдарының бірі Шәкәрім былай деген екен: «Адамды адамилыққа апаратын оның үш қасиеті – ойы, сөзі, мінезі. Осы үш қасиетті Қазыбай Құдайбергенұлынан табуға болады.



АЗАМАТ. ҒАЛЫМ. ҰСТАЗ

Ағамыздың ойы сұңғыла, сөзі парасатты, мінезі бай. Мінезді болмаса ауылдан шыққан қарапайым бозбала қалаға келіп, құрылыста жұмыс істеп, шыңдалып, әскер қатарында Отан алдындағы борышын абыроймен атқарып, сол кездегі білім қуған азаматтардың арманы Қазақ Ұлттық университетінің тарих факультетіне түсе ме?! Ол кезде тарих факультетіне оқуға түсу қиынның қиыны еді. Конкурс өте жоғары болған. Бір орынға 10-15 үміткер таласатын. Міне, осындай қиындықтарды жеңе біліп студент атану Қазекеңнің өмірінің алғашқы саналы баспалдағы болып қалыптасуына ықпалын тигізді.

Студенттік жылдарда беткеұстар зиялы азаматтар, мемлекет қайраткерлері Амангелді Құсайынов, Әскербек Абаев, Аманжол Күзембаев және т.б. бірге оқып, жақсы қарым-қатынаста болды. Университетті бітіргендеріне 50 жылдан асып кетсе де, олардың арасындағы достық, сыйластық қарым-қатынас әлі де жалғасын тауып келеді. Дархан қазақ елінің әр түкпірінен білім қуып Алматыда бастары түйіскен азаматтардың дүние болмысының кеңдігі, рухани тазалығы, адамгершілік қасиеттері, азаматтық позициясы кейінгі ұрпаққа үлгі. Орыстың ұлы жазушысы Лев Толстойдың мынадай сөздері бар екен. «Есті адамдардың үш үлкен қасиеті болады, біріншіден, жұртқа берген ақыл-кеңесін өзі орындайтын болады, екіншіден, ешуақытта әділдікке қарсы шықпайды, үшіншіден төңірегіндегі жандардың қателіктеріне кешірімшіл келеді».

– Адамға ашы татпай, тәтті қайда?
Тер төгіп тапқан абзал адал пайда.
Әркімді жаратпаған тәңір жайға
Өлшемі адамшылық тура жолда! –

деген ислам әлемінің ойшылы Қожа Ахмет Иассауидің нақыл сөздері Қазыбай Құдайбергенұлының дүние болмысынан орын алып, азаматтық кредосын айқындайды.

Осы үш қасиетті де Қазыбай ағамыздың бойынан табуға болады. Мінез дегеніміз – ұзақ уақыттан бергі әдет дейді қазақ даналығында. Қазекең – текті жердің тумасы. Әкесі Құдайберген ақсақал кешегі қиыншылық жылдарда, азық-түлік тапшылығы кезінде қойма меңгерушісі болған екен. Сол кезде тазалықтың, әділдіктің үлгісін көрсеткенін үлкен бір жиында елге белгілі азаматтың айтып бергеніне куә болдық. Сонда біз тектіліктің, рухани тазалықтың Қазекеңнің бойында қалыптасуының мәні тереңде жатқанын білдік. Іскерлік, ұйымдастырушылық қабілеттерімен қоса Қазекеңнің адамгершілік қасиеті де жоғары. Қазақта «Тектіден текті туады» деген қанатты сөз бар. Қазекең тектілікті алдымен отбасынан алған.

Қазыбай Құдайбергенұлы Сырдария ауданы Шіркейлі ауылында 1942 жылы 15 наурызда дүниеге келген. Сырдария ауданындағы И.Тоқтыбаев атындағы (бұрынғы Калинин) орта мектепті тәмамдағаннан кейін целлюлоза-картон комбинатының құрылысында бетон құюшы болып үш жыл еңбек етті. Одан кейін үш жыл ГДР-да әскери борышын өтеген. Қазіргі әл Фараби атындағы (бұрынғы С.Киров атындағы мемлекеттік университет) Ұлттық университеттің тарих факультетін үздік бітірген.

Ұстаздық жолын Жалағаш ауданы қазіргі Бұқарбай батыр (бұрынғы Калинин) ауылындағы орта мектепте тарих пәнінің мұғалімі қызметінен бастаған. Кейін Қызылорда қаласында саяси оқу-ағарту орталығында әдіскер ретінде қызметін жалғастырған. Осы уақыт ішінде өзін жақсы қырынан көрсете білген жас маманды Қызылорда пединститутының басшылығы оқытушылық қызметке шақырады. Міне, осы кезден ғылыми ізденісі, оқу-әдістемелік қызметінің саналық баспалдағы басталады.

1971 жылдан бастап Н.Гоголь атындағы пединститут қазіргі Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде оқытушы, аға оқытушы, кафедра меңгерушісі, факультет деканы, проректор қызметтерін абыроймен атқарды. Ғылыммен айналысты.

1977 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының саяси экономика кафедрасының аспирантурасын бітірген, Украина ғылым академиясы экономика институтының ғылыми кеңесінде 1981 жылы кандидаттық диссертациясын қорғаған. Доцент, Мәскеудегі педагогикалық білім беру халықаралық академиясының мүше-корреспонденті. 200-ден аса ғылыми проблемалық мақаланың, бірнеше монография мен оқу құралдарының авторы. 10-нан аса халықаралық, республикалық, облыстық ғылыми конференцияларда баяндамалар жасаған.

Украина Ғылым академиясының экономика институтында кандидаттық диссертация қорғап, экономика ғылымдарының кандидаты дәрежесін алды. Ғылым жолы – өте ауыр жол. Осы ауыр жолдан абыроймен, адалдықпен өтті. «Ақтөбе өндіріс торабы: қалыптасуы мен торабы», «Экономикалық саясат» атты еңбектерінде еліміздің өнірлік, экономикалық саясатының мазмұны мен мәнін, заңдылықтарын жүйелікпен баяндай білді. Экономикалық саясаттың теориясын, саяси танымдылығын, философиясын, әлеуметтік негіздерін тұжырымдады. Нарық жағдайында экономикалық саясатты жүзеге асыру барысында туындайтын проблемаларды айқындау және шешу жолдарын қарастырды.

Қазекең ұстаздық қызметімен қатар аймақтың саяси-қоғамдық өміріне де белсене араласып жүреді. Қызылорда қалалық кеңесінің депутаты, көптеген қоғамдық кеңестердің мүшесі ретінде облыстың әлеуметтік-экономикалық салаларындағы қордаланып қалған мәселелерді шешу жолында өзіндік азаматтық позициясын ашық білдірді. Адамдық пен білімге құштарлықты басты мақсат еткен ғибратты ұстаз білім саласындағы қызметін қажырлылық, тиянақтылықпен, абзал ниетпен атқарып келеді. Осылайша бір бойында сан алуан өнері мен қабілеті бар Қазыбай Құдайбергенұлы биік белестерді бағындырып, сексен жастың сеңгіріне толағай табыспен жетіп отыр.

Қазекең – білікті ұстаз, ғалым болуымен қатар, қадірменді отағасы, аяулы әке, шөбере сүйіп отырған сүйікті ата. Өз перзенттеріне нағыз қазақы әдетпен тәрбие берген. Олар қазіргі уақытта білікті де білімді мамандар болып, әр салада абыроймен қызмет атқарып жүр. Қазекеңнің кісілік келбеті мен болмыс-бітіміне келсек, саналы да сырбаз, шыншыл да сыпайы, қамқор да қарапайым қалпынан айнымайтыны, кімге де болса қол ұшын беруге әрдайым дайын тұратындығы сүйсіндіреді. Орнықты ойы, табандылығы мен тиянақтылығы, ұстамдылығы, айналасына шуақ шашып жүретін жаны жайсаң, кішілігі мен кісілігі жүзінен білініп тұратын, ішкі мәдениеті жоғары, табиғатынан сыпайы, ақжарқын жанға ортасы зор құрметпен қарайды. Онда дос та, жолдас та аз емес, қазақтың талай жақсыларымен араласып, оларға құрмет көрсете жүріп, өзін де сыйлата білген.

Қазыбай Құдайбергенұлы – Алты Алашқа әйгілі ақын Күдеріқожа Көшекұлының ұрпағы. Қолы бос уақытында жан дүниесіндегі тебіреністерін қағазға түсіріп жырға айналдырып жүр. Қаламынан «Сырым мен шыным», «Талантымен танылған тұлға» және т.б. туындылары шықты. Қоғамдағы түйткілдер туралы, тарихи тұлғалар, өзі куә болған оқиғалар жайлы мақалаларын «Сыр бойы», басқа да басылымдарға жариялап тұрады. Оның орнықты ғалым, көпті көрген адам ретіндегі ойлары мен пікір-пайымы оқырман үшін бағалы. Өмірінің елу жылдан астамын, күш-жігерін, білім-білігін арнаған Қорқыт ата университетінде Қазыбай Құдайбергенұлы атындағы дәрісхана бар. Біз мұны ардагер ұстазға арналған құрмет деп түсінеміз. Ғалым-ұстаз білімнен бөлек, тәрбиені қатар берген шәкірттерінің өмірлік жолындағы жетістіктеріне қуанады. Беделді, білікті, қарапайым, адамгершілігі мол, жастарға қамқор, әділдікті сүйетін шыншыл, көпшіл тұлға. Сексеннің сеңгіріне шыққан ағамыздың зиялылық пен парасаттылықтың биігінен көрінуін, мәртебесі жоғары болуын тілейміз.

Баймырза ҚОЖАМБЕРЛИЕВ,
философия ғылымдарының докторы, Қорқыт ата атындағы университет профессоры

Сырым мен шыным

(Әскербек пен Нұршағұлге)

Шерменде оймен шектеліп,
Күндерім зулап ағады.
Өзімді кейде жек көріп,
Улаймын таза сананы.

Жаны жайлау, ісі – іңкәр,
Болса екен тапқан адамың.
Мәңгіге кетсе сүйген жар,
Тұсалды дей бер қадамың.

Жас келгенде жақпайды,
Бірі былай, бірі олай.
Көңіл шіркін сақтайды,
Ойларды таудай толағай.

Сұрасаң халім осылай,
Сыртым шуақ, іш жалын.
Шағына берсем досым-ай,
Шыға да бермек қайдағым.

Сұғанақ көздің жазасын,
Тарттым ғой мен де кезінде.
Тәңірдің берген бағасын,
Шыңдатып берік сезімге.

Жақсылық атты ұғымның
Жан серігі – жамандық.
Ақ тіні сіздер жырымның,
Сүйейтін арқа қамал қып.

Бәрі де досым өткінші,
Шыдамды шайқап алмасаң.
Жамандық құрдым кетсінші,
Қосылып жанға, малға сан.

Кездейсоқ пәле сендерді,
Бір түйіп өтті-ау қапыда.
Қабылда алған емдерді,
Жасыма, досым, жасыма!

Ақыры жақсы иншалла,
Тездетіп соны бере гөр.
Өмірдің жолы бір басқа,
Аллаға досым сене бер.

Анашым

Ақ сүтімді тауысқан кенжем деген
Мейіріміңді ол кезде
сезгем бе мен?
Әжім бетте қайсарлық ізі жатыр,
Бар бақытқа өзімді тең көрмеген.

Шындық пен әділдікті серік еттің,
Өмірдің қызығын да көріп өттің.
Қасқайып сұм ажалдан
еш тайсалмай,
Күрестің өзімен де ауыр дерттің,

Бұза алмас ешбір адам өмір заңын,
Сондықтан көп ойладың
өлім қамын.
Ажалдың тырнағынан
құтқара алмай,
Артыңда қала берді-ау балаларың.

Сіз бәйтерек тамыры тереңдегі,
Сан бұтақты, саялы кемердегі,
Есімізде мәңгілік қалар жүзі,
О дүниелік жайыңа енердегі.

Мирас боп бізге қалды адалдығың,
Жақсылық боп төгілген
жамалдығың.
Болмаса тастап кеткен қасиеттерің,
Өмір атты бұзады қамалды кім?!

БРИФИНГ

2018 жылы еліміздің Тұңғыш Президенті бес әлеуметтік бастамасын жариялаған болатын, олардың бірі – студент жастардың өмір сүру жағдайларын жақсартуға бағытталған. Осы міндетке қол жеткізу үшін жекеменшік сектордың ауқымды қатысуын көздейтін мемлекеттік тапсырысты орналастыру тетігі әзірленді. Бүгін аймағымызға келген ҚР Білім және ғылым министрлігінің өкілдері аталған тақырып туралы жергілікті ақпарат құралдарына арнап брифинг өткізді.

Sb Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

Жекеменшік жатақханалар саны артады

Онда ҚР Білім және ғылым министрлігі «Қаржы орталығы» АҚ Ілгерілету және сыртқы коммуникациялар департаментінің директоры Алпамыс Сатыбалдин жекеменшік және студенттік жатақхана салу, білім беру депозиті, білім беру кредиті тақырыбында жан-жақты баяндады.

– Жеке кәсіпкерлерді мемлекеттің қаржылық қолдауымен студенттік жатақханалар құрылысына қаржы салуға шақырамыз. Бұл іске кезекті әлеуметтік объектіні тұрғызу ретінде емес, табысты, тұрақты және келешегі мол бизнес-жоба ретінде қарауды ұсынамын. Әрі осылай айтуға да негіз бар. Біріншіден, бұл мәселеге сұраныс жоғары. Бүгінгі таңда елімізде студенттер тұру үшін 63 мыңнан астам жатақхана қажет. Бұл мегаполистерден бастап облыс, қалаларға дейінгі еліміздің барлық өңірлерге тән қажеттілік. Болашақта Қазақстанды 2000-жылдарда болған «baby-boom»-ның нәтижесі күтіп тұр, сондықтан студенттер контингенті де өсетін болады. Әлбетте, бұл жағдай студенттік жатақханаларға деген сұраныстың артуына әсер етпей қоймасы анық. Инвестор, оқу орны не кәсіпкер тұлғасындағы жеке құрылыс салушы өз қаражаты есебінен объектіні іске қосуды жүзеге асырады. Объект сәтті пайдалануға берілген жағдайда мемлекет онда мақсатты мемлекеттік тапсырысты орналастырады. Бірінші, тапсырысты орналастырудың басты талабы студенттің жатақханада тұруы, яғни мұнда жан басына шаққандағы қаржыландыру принципі жұмыс істейді. Мемлекеттік тапсырыс мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, құрылыс салу немесе реконструкция жасау жолымен жаңа жатақханаларды енгізуді жүзеге асыратын барлық ұйымдарда орналастырылады. Екінші, тапсырыс ай сайынғы негізде 8 жылға орналастырылады. Демалыс кезеңінде соңғы оқу айында тұрған студенттердің саны ескеріледі. Үшінші – төлемдер мөлшері. Бір студентке мемлекеттік тапсырыстың жыл сайынғы мөлшері: құрылыс салынған жағдайда – 122 АЕК (Алматы қаласында – 144 АЕК), реконструкция жасалған жағдайда – 47 АЕК (Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларында – 92 АЕК). Бұл ретте алғашқы 12 айда мемлекеттік тапсырыс екіге тең болып келетін түзету коэффициенті ескеріле отырып төленеді. Мысалы, іс жүзінде 100 адам тұратын болса, төлемдер 200 адамға төленеді, бірақ жатақхананың жобалық қуатынан асырылмайды. Әйтсе де локдаунмен және індетпен байланысты бүгінгідей алмағайып кезеңде мемлекеттік тапсырыс бойынша төлемдер студенттердің жатақханаларда тұруына қандай да бір мониторинг жүргізілместен, жатақхананың жобалық қуаты бойынша жүзеге асырылып жатқанын айта кету керек. Мысал ретінде Шымкент қаласында іске асырылған жобаны алып қарауға болады. Бұл 350 орындық жатақхана құрылысының құны 650 миллион теңге болса, жоспарланған мемлекеттік тапсырыстың көлемі 862 миллион теңгені құрайды. Жалпы осы мақсаттар үшін республикалық бюджеттен 152 млрд теңге көзделген, – деді спикер.

Іске асырылып жатқан жобалар аясында мемлекеттік тапсырысты орналастырумен қатар қосымша табыс көздері болады. Өйткені студенттердің ай сайынғы тұру ақысы мемлекеттік тапсырыстың құнына кірмейді. Оның мөлшерін жатақхана иесі реттейді және нақты өңірдегі тұрғын үй нарығының жағдайымен анықталады. Бүгінгі таңда нәтижелер бар, жоба аясында 30630 орындық 124 жатақхана пайдалануға берілген. Сондай-ақ алдын ала жасалған шарттар, жергілікті бюджет қаражатынан нысаналы құрылыс, меншікті қаражат және демеушілік қаражат есебінен биыл 11057 орындық 32 жатақхананы пайдалануға беру жоспарлануда.

Брифинг барысында БАҚ өкілдері спикерлерге сауалдарын қойып, жауап алды.

ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ

Жақында «Жеруйық» атты кітап қолыма тиді. Автордың қолтаңбасы жазылған. «Алғы сөзге» назар салдым ...Бүгінгі және келер ұрпағым жазғанымды қызыға да қуана оқиды деп ойлаймын. Сөйтіп менімен пікірлесіп, сырласатын да шығар. Өйткені, олар бізден де білімді, бізден де өткен саналы болады. Көпті білуге ұмтылады. Жазғандарымды көрсе, біздің заманнан шамалы болса да мағұлмат алып, толысары анық.

Оқырманға ой салар туынды

Өзге азаматтар кітапты парақтап жатса, ризамын... руханият жөніндегі азды-көпті ойларымды ортаға салдым. Бәлкім, бұл бір жағы менің ұрпағым алдымдағы есебім шығар»

Бұл жолдардың авторы – жерлесіміз «Құрмет» орденінің иегері, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, профессор Серікбай Иманбайұлы Қошқаров ағамыз.

Кітапты парақтап қарадым. Алты бөлімнен тұрады екен. Көркем әдебиеттегі шығарманың оқырманға берер ой-тұжырымын шебер жеткізу тәсілі – әңгіме жанры. Автор жеті көлемді әңгімесі мен алты шағын әңгімесінде ауыл адамдарының жан дүниесін, қоғамдағы орны мен парасат-пайымын, түсіну, түйсіну сезімдерін өзара диалог арқылы ойнақы да шынайы ашып көрсеткен. Осы жинақтағы «Жеруйық» әңгімесінің көтерер салмағы да, айтар ойы да өзгешелеу. Бұнда автордың туған ауылының табиғатын суреттеп, анық тыныс-тіршілігін көз алдына қазқалпында келтіреді.

Бір кездегі қызу тірлігі қайнап жатқан ауылдан біртіндеп ел көшіп, жетім күй кешкен тұсы мен қайта жаңарған сәтін – жыбырлаған құрт-құмырсқадан бастап, арнасы кепкен көл, өзеншелердің суға толған, тоғай мен даланың жасыл желекке бөленген сәттерін суреттей отырып, сол ауылдың көнекөз ақсақалдары мен бүгінгі жас мамандарының арасындағы уақыт өлшемімен жүзеге асқан игі істер әңгімеленеді. «Жеруйық» әңгімесі жазылу стилімен, айшықты тілімен повесть жанрының жүгін көтеріп тұр десек, артық айтпаймыз. Шығармада бір кездері қолданыста болған, қазір ұмытыла бастаған сөздер де кездеседі. Мысалы, «Сыдық ақсақал бамдат намазынан соң сүт пісірімдей көз шырымын алып, аулаға шықты». Осындағы бамдат намазының қай уақыт екенін келесі сөйлемнен аңғарасыз. Сондай-ақ, зеңгілер, өжеттеспіз, жөнеп, пәруайымды деген сынды көне сөздер қайта жаңғырып, жаңа сипатта жазылған.

Осы «Жеруйық» атты кітапта автор әңгімелері, руханият жөніндегі ой-толғаныстары жайлы жазылған мақалалары және ой-пікірлерімен қоса әдебиетке жаңа өрнек сала бастаған күнделік жазудағы өзіндік қолтаңбасын байқатады. Кітапты оқып, оны қабылдау оқырманның еншісінде. Серікбай Қошқаровтың «Жеруйық» повесінің қадамына сәттілік тілеймін. Қалың оқырман жылы қабылдайды деген ойдамын. Қазақ прозасына жаңа туынды келіп қосылуымен құттықтаймын.

Қаршыға ЕСІМСЕЙІТОВА,
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, ақын, Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының төрағасы

Аралда тұратын ақын Абылаев

Ол – саналы ғұмырында теңіз жағалауынан табан тайдырмаған шайыр. Теңіз жағдайын теңіз жағалауындағылардан сұраңыз. Теңіз жарықтықтың мінезі ала-құла; таң құланиектене аспан төсіндегі ақша бұлттарға сүйсіне қарап тыныш жататын айдын кенет әлдекім сауырын дырау қамшымен осып жіберген айдаһардай, бұлқан-талқан ашуға мінип шыға келетінін қайтерсің. Одан соңғы тірлігі құдай салмасын, құм жағаны аяусыз тепкілеген түйе толқындар көктем мезгілінде буырқанған бурадай аузынан ақ көбігі ақтарылып, содан іңір қараңғысына дейін бір басылсайшы. Сондайда мейлі бітіретін түгін болмаса да жалаңаяқтанып, соқпа толқын ілгері-кейін армансыз ұрғылап, әбден ақ жемін шығарған ақ қайраңды арлы-берлі кезгілегенге не жетсін!

Көз алдында алас ұрған көк теңіз. Осы сәтте пенде байғұс күнделікті митың тірліктен қажыған, дел-сал күйге түскен жан әлемінің бөлек күйдің бүлкіліне түсіп, теңізден ескен салқын самалдың тұла бойын ақы-пұлсыз таңғы шықтай тазартып жатқандығын сезе ме екен десеңші?! Теңіздің мұндай құдіреті барын, сірә, жағалауда тірлік кешкендерден артық кім білер! Орыстың тамаша жазушысы К.Паустовскийдің «теңізде туғандардың ақын болмасқа қақы жоқ» дейтіні де содан болар.

Жә, біздің де теңізге деген сағынышымыздың әсеріау, кіріспені сәл созыңқырап жібердік. Ақын Толыбай Абылаев – Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Шағала», «Арал көшіп келеді», «Аралдан соққан жел», «Арал Атлантидасы», «Махаббат дәптері», «Қыран шайыр», «Нұртуған шайыр» атты жыр жинақтарының авторы. Жарасқан Әбдірашев атындағы әдеби сыйлықтың иегері. Республикалық жазба ақындар мүшәйрасының бірнеше дүркін жеңімпазы. Ақынды ақын танитыны рас, Толыбайдың алғашқы аяқалысын байқап, алыста жатса да артынан еретін бір тегеурінді інісі барына қуанып, бәрінен бұрын қазақ поэзиясына олжа салатын жас ақынға жанашырлық танытқандай Қадыр Мырза Әлі ағасының қатқабат шаруасы бастан асып жатса да, Аралға әдейіліп хат жолдағаны бар. Толыбай оны көзінің қарашығындай әлі күнге дейін сандығына салып сақтап жүр. Айтатын тілегінің бірі – «айналайын-ау, ел ішінде болғаның дұрыс, оныңды құптаймын. Ауылдың, үйдің тірлігі белгілі ғой, оның бәрін тындыруға уақытың да, шамаң да жетпейді. Сөйтіп, шығармашылықтан қол үзіп қалма, жағдайың келсе әдеби ортаға жақындағаның абзал...»

Ақын ағасының ескертпесін елемегендігі емес, Арал мен адам тағдыры таразы басына түскен сәтте, соңғысының ауыр салмағын түк білмегендей жүрек сүзгісінен елеусіз өткізіп жіберуге шайырдың шамасы жетпеді. Не болса да, қандай қиындық көрсем де, балықшы бауырларымның ортасында болайын деп шешті. Қолымнан анау айтқандай бір керемет бетбұрыс жасау келе қоймаса да, соқыр ниет солақай саясаттың арқасында көз алдарында шалқып жатқан көк теңізінен айырылған ел-жұрттың ең болмаса өлең-жырыммен мәңдайларынан сипайын деп ойлады. Сөйтіп бойындағы бар-барлық шығармашылық қуатын теңіз тақырыбына арнады. Әрине, «Арал тағдыры – адам тағдыры» деп жан-жақтан жандары ашығансып, ел болып жұмыла көтерген таныс тақырыпты жырлаушылар жетіп-артылатын. Бірақ Толыбайдың толғанысы ерекше-тін. Себебі, ол жылдан-жылға теңіздің аумағы кішірейіп, ұлы дариядан теңізге құлайтын су мөлшері азайып, атакәсіп – балықшылықтың басынан бағы тайып, теңіз табанындағы тұзды шаңдақтың енді адамдарға «шабуыл» жасаған тұсында; жағалаулықтардың қайда барып бас сауғаларын білмей, дағдарысқа ұшыраған сәтінде де солардың қалың ортасында болды. «...Қасіретін ел шегіп, Келіншектей қаралы, Тебіреніп, теңселіп Арал көшіп барады. Мынау заман түсі жат, Аждаһадай араны, «Ақ табанға» ұшырап, Арал көшіп барады...» деп жырлады. Ішібауырын өрттей жайлаған өкінішті өстіп, сыртқа шығаруға тырысты. «Арал көшіп барады...» – Кешегі күннің маңдайға басылған тағдыр таңбасы.

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарында теңіздің тартылу процесі айқын байқалды. Баттиып көзге көрініп тұрған шындықты бүркемелеуге, «ертең бәрі дұрыс болады» дейтін әдеттегі өтірік уәдені үйіп-төгуге үкіметтің қауқары жетпеді. Жұрт нұлы, сұлы, жайлы, тіршілікке қолайлы қоныс іздеп, жан-жаққа көше бастады. Кеше ғана адуынды толқынның қақпақылына шыдамай, зіп-зілдей үлкен кемелерді құдды ағаш жаңқасы секілді қораның маңайына теңкитіп шығарып тастайтын ұлы теңіздің қуат-күші біртіндеп бәсеңси бастады. Ол біздің жадымызда сақталған өлместей сурет болса да, ойламаған тұстан ертегі әлеміне басы бүтін жұтылған көрініс тәрізді елестеді. Түнемелікке қарай теңіз жақтан бірін-бірі кимелеп, бірін-бірі басып-жаншығысы келетін түйе өркеш толқындардың өжет сарыны ыңырсыған, талықсыған, мұңлы үнге лажсыз орын ауыстырды. Біз бала болсақ та соның бәрін байқаушы ек, Толыбай екеуміз ала жаздай әкелерімізбен бірге ескек есіп, теңіздің қуыс-қолтығынан балық аулайтын тамаша дәуреннен амалсыз айырылдық.

Біздің кіндік қанымыз тамған теңіз жағалауындағы Көнебөген ауылы қас пен көздің арасында жетімсіреп қалды. Кезінде іргелі, дүрілдеп тұрған ауылдың стандартты үйлерінің есіктеріне біртіндеп құлып түсе бастады. Қазір малдың жайымен отырған екі-үш үйдің ғана төбесі қарауытады. «...Тартылып телегей су, қашқанда ауыл, Құм борап, көшті бұлттар аспанда ауыр. Артына қарай-қарай ел көшкенде, Мен қалдым жағалауға басқан бауыр...» Ақынның ішкі монологы. Абылаевтың Аралсыз қағазға түскен жыр шумақтары некенсаяқ. Тақырыптарының өзі айқайлап тұрғандай «Арал Атлантидасы», «Мен – Аралмын», «Теңіз түбіндегі кент», «Бөлебай-Бутаков туралы баллада», «Аралды оралдық ақынға таныстыру», «Қызғыш құстың Арал теңізімен қоштасуы», «Біздің ауылдың жігіттері», «Арал жиһанкезі немесе алпысыншы арал туралы жыр», «Біздің Аралдың адамдары»... болып жалғасып кете береді. Бұл өлеңдердің өн бойынан теңіз түбіндегі ақселеу балдырлардың толқынды тербелісі, балықшылардың ауларына үлкен балық түскендегі қуанышы, теңізге аттанған әкелерінің тілеулерін тілеп, жағада жүгірген бүлдіршіндердің жүрек лүпілі, жаңадан тұрмыс құрған жас келіншектің үлкендерден жасырынып, орамалын тістелеген күйі тоқал тамның төбесіне шығып, ерін күткендегі тебіренісі... секілді әдемі штрихтар ешкімнің қолқалауынсыз көңілге бірден қона кететін. Мұның себебі, ақынның теңіз жағалаған жерлестерінің адуын толқын тәрізді бірде дүлей, бірде жаймашуақ жан тебіреністеріндегі психологиялық ахуал-ауанын тап басуынан десек қателесе қоймаспыз.

Жер бетіне көрік берген Арал тарихта өте ерте заманда белгілі болған. Бір кезде ол Көк теңіз, сақтар теңізі, оның жағалауында мекендеген тайпаның атымен Кердері теңізі деп те аталған. Арал теңізі деп алғаш рет араб жазушысы Ибн-Рушд атады. Арал жайлы деректер Мәскеу мемлекетінің картасында (1627 ж.) Көк теңіз деген атпен берілген... «Ер Төстіктің аты Шалқұйрық Арал түбінен алтын қазанды алып шығады» деп болжам айтыпты профессор Ә.Қоңыратбаев. Арал теңізінің арнасы тартылғанда оның табанынан жүздеген, мыңдаған жылдар бұрын қабырғасы қаланып, адамдар тіршілік еткен ерте заманғы қалашықтар табылды. Ғалымдар теңіз табанында іргелі мемлекет болғандығын дәлелдеп отыр.

Біз мұны неге айтып отырмыз, Абылаевтың «Арал Атлантидасы» атты тарихи дастаны бар. Сонда ежелгі тарихтан бастап, бүгінгі Аралдың кескін-келбеті сан түрлі дәлелдермен айқын суреттеледі. Аралдың бүгінгі келбеті демекші, тәуелсіздік жылдарында бұрынғы теңіз келмеске кеткенімен әсіресе, жағалаулықтардың жарияға жар салып, әлем жұртшылығына дабыл қаққан жанқиярлық еңбектерінің арқасында Сырдарияның өзімізге тиесілі суын өзге шаруашылықтарға рәсуә етпей, Кіші Аралды қалпына келтірген-ді. Үміт оянды. Құм жағаға шағалалар қайта оралды, теңізге қайық түсті, азды-көпті балық ауланды. Бұрын нұлы-сұлы жер іздеп үдере көшкендер «теңізсіз өмір сүре алмайды екенбіз» деп атбасын атамекенге кері бұрды. Міне, осы құбылыстың бәрі Толыбайдың шығармашылық әлеуетіне тосын, өз қолтаңбасын айқындай түсетіндей тамаша шабыт сыйлады.

«Арал көшіп барады», «Арал көшіп келеді» амалсыз орын ұсынды: «...Күн батыстан алқынып, Күміс керуен келеді. Шағалалар шарқ ұрып, Толқын төсін емеді. Құмды жарып лайлап, Аққан судың кемері, Айдынында күн ойнап, Арал көшіп келеді... Бұйдасынан жетелеп, Ақ желкенді кемені, Аласұрып асығып, Арал көшіп келеді...» Әдемі сурет. Арал тағдырына байланысты орамды ойлар, тосын теңеулер ақын шығармаларында молынан ұшырасады. Экологиялық ауыр зардаптың дәл ортасында өмір сүріп келе жатқандықтарына қарамай, Арал халқы қашанда өжет, әлдекімдердің ішектерін тартып мүсіркегендерін қаламайды, болашақтарының бүгінгіден де беймарал болатындықтарына сенімді, сол үшін ертеңді-кеш бел жазбастан тырбанып еңбек етеді. Теңіз самалы жағалаулықтар бойындағы жалқаулықты жымын білдірмей сорып алуға бейім. Ал мұны былайғы жұрт біле бермейді. Әдебиетіміздің аса көрнекті өкілі, классик Ә.Нұрпейісов «Соңғы парыз» романының бір жерінде былай дейді: «..Ана дүниенің азабының қандай болатынын кім білсін; ал мына дүниенің азабы мен тозағын бұл жалғанда Арал өңірінің халқынан артық кім көрген; егер күндердің күнінде халық шеккен қасыретке ескерткіш қойылар болса, келешек ұрпақ тек аралдықтарға ғана қояр-ау!»

Бәлкім, бүгінде жетпіс жастың желкесіне шығып, шығармашылық тұрғыдан кемеліне келіп, толысқан Толыбай Абылаев қағазға түскен әрбір жыр шумақтарын жерлестеріме қойылған ескерткіш деп те пайымдар. Жарасымды. Оның біз құрметтейтін қайсарлығы сонда, ол жылы орнын суытып, ешқайда қоныс аударған емес. Әрқашан аралдық жерлестерімен бірге. Оның кітаптарын жағалаулықтар жата-жастана оқиды. Өлеңдерінен өз бейнелерін іздейді. Жиын-тойларда Толыбайдың жырлары алдымен ауызға ілігеді. Оған мұнан артық награданың қажеті шамалы еді.

Қуаныш ЖИЕНБАЙ

ОБЫР НЕГЕ ӨРШІП ТҰР?



Қазақстан Республикасы Президенті Қ.Тоқаев өзінің халыққа Жолдауларында аурудың алдын алудағы ақпараттандыру жұмыстарын жетілдіруге үлкен мән берді. Бұл әрине, қажет. Баспасөз беттерінде обыр ауруы туралы өзекті мәселелер ұдайы көтеріліп келеді. Мысалы «Егемен Қазақстан» газетінің 7 ақпандағы санында Қ.Мұқамедқалидың «Обырмен күрес – өмірге үлес» атты мақаласында обырдың өршіп кеткенін жазды.

Елімізде жыл сайын 36 мың адам обырға шалдығады екен. Қазақстанда 2020 жылы 180 мың адам, ал былтыр 190 мың адам диспансерлік есепте тұрған. Жыл сайын елімізде 15 мың адам осы дерттен көз жұмады. Бір ғана Алматы облысында 2020 жылы 8976 адам диспансерлік есепте тұрса, ол былтыр 16 мың адам болған. Онкологтар осы дерттің кейінгі жылдары 23% өскенін айтады. Бұл жағдай әрине дәрігер қауымын қатты алаңдатып отыр. Халыққа аурудың алдын алу мақсатында санитарлық-ағарту жұмыстарын жандандыруымыз қажет. Профилактикалық байқаулар мен скринингтерден жиі өткізіп, дертті ерте анықтау, соған сәйкес емдік-сауықтыру шараларын дер кезінде бастау оң нәтиже береді. Алайда кейінгі жылдары шешімін таппай шиеленісіп кеткен әлеуметтік мәселелер, отбасындағы түсінбестіктен туындайтын ұрыс-жанжалдар, үмітсіздіктен күйзелістер халықтың еңсесін басып, жігерін құм етумен рухын төмен түсіріп жіберді. Осы жағдайлар да дертке тікелей себепкер болып отыр.

Обыр дегеніміз – ағзадағы жасуша аппаратының генетикалық өзгерісінен (мутация) туындайтын жасушалардың шексіз өспелері. Жендет жасушалардан жеңілмеу адамның өмірге деген құштарлығына, жігеріне, жүйкесіне тікелей байланысты. Үнемі ашуланып өкпе-реніштен, қайғыдан бас көтермеу сияқты серпілмеген күйзелістер ағзадағы иммундық жүйенің қатерлі ісіктерді жойып жіберетін жасушаларды бөліп шығаруын тоқтатады. Ағзаның қорғаныш күші қырағылығы кеміген соң обыр дерті осылай туындай бастайды. Обырдың басты себебі осы.

Халқымыз қазіргіден де ауыр жағдайларды, тіпті ашаршылық пен жаугершілікті де бастан өткізген. Сонда да еңсесін түсірмей жігерін шыңдап, рухы асқақ болған, жоққа сабыр танытқан, барды қанағат тұтқан, қиындықты көтере де жеңе білген. Өкінішке қарай, халық арасында «онкология» деген сөзге үрке қарап, оны үкім сияқты қабылдайды да, үнемі жүрегіне қорқыныш ұялап, үрей үстінде отырады. Бұл – мәселені дұрыс түсінбегендіктен қалыптасқан өте жаңсақ пікір, қате көзқарас, қате түсінік. Адам аурудан емес осындай уайым-қайғыдан, үрейден көз жұмады. Ауру дегеніміз – Алланың сынағы, мойындап көтере де, күресе білуіміз керек. Алла: «Сүйген пендеме нар көтермес жүк артамын, көтерсе қам көңілін ағартамын, көтермесе тағы артамын» дейді. Аурудың алдын алып, түбегейлі сауығып кетуі үшін мен «Бекпейістің бестік ережесін» ұсынамын.

Біріншісі – күніне бес рет Құдайға құлшылық жасап, бес рет еске алып, Алладан дерттің шипасын сұрау, дұға оқу, сауығып кетемін деп сене білу. Алла: «Дұға жасаған пенденің қолын кері қайтаруға ұяламын» деді. Хакім Абай «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деді, дәрігерлер пірі хакім Ұлықпан «Кез келген ауруды жазатын ең күшті дәріні таптым. Ең мықты дәрі – сенім» деді. Иманның өзі – Аллаға сенім. Қасиетті Құранда «Өмірдің тірегі – сенім. Сенімсіз адам – шайтан» деген. Демек «Сенім – ең күшті қару». Обырмен күресу адамға аса күшті рухты және күш-қуатты талап етеді.

Алла: «Егер маған бір қадам жасасаң, мен саған он қадам жасаймын. Ал он қадам жасасаң, мен саған жүгіремін» дейді. Халқымыз «себепсіз шөлмек, Құдайсыз қурай да сынбайды» дейді. Демек барлық нәрсе тек Алланың қалауымен жүзеге асады, ал әрекет ету кешірім сұрап, алғыс айту, денсаулық сұрау пендеден. Демек әр нәрсенің шешімі – дұға.

Екіншісі – күніне бес рет көкөніс жеу. «Ауру – астан» дегендей ас мәзірінде қант пен тұзды барынша шектеп, 10 финик жаңғағы, кепкен жемістер, асқабақ, сәбіз, қызанақ, анар, алма, аскөк, ақжелкен-петрушка, көкпияз, сарымсақ сияқты обыр тудырмайтын көкөністерді көптеп тұтынып, зығыр не күнбағыс майын бір шай қасықпен үш рет ішіп отыру қажет. Бұл майлар мысалы, сүт безі обырын бес есе азайтады. Егер сәбіз шырының 1 кеседен күніне үш рет ашқарынға 3 ай бойы ішсе кез келген обырды жойып жібереді. Бірақ мұның шарты бар: бірінші – қант, тұз, қамыр тамақтар жемеу (емдік қасиетін жояды), екіншісі – ванна, сауна сияқты булау жасау, үшінші – тәуір болып кететініне сену. Сондай-ақ сүзбе, қымыз, қымыран сияқты шипалы сусындар және күніне 2 литр су ішу. Осыдан бірнеше жыл бұрын ғалымдар іскек жусаннан «Арглобин», ал Зұлхарнай Сейітов қымыздан «Лактоферрин» деген обырға қарсы дәрілер жасап шығарды. Бірақ бұл дәрілер үлкен сұранысқа ие болғанмен, сериялы өндіріске ие бола алмай отыр. Қазір дәрігерлер дертті көкөністер мен жеміс-жидектер жеп, ұдайы тазалау клизмасын жасау және денеге бұлау жасау арқылы ағзаны шлак-улардан, тұздардан, ісіктерді тазалау арқылы емдейді. Қанды тазалау үшін қалақай, не көк шай ішу. Хакім Ұлықпан: «Азанда анар, түсте жентектелген пиязбен тағам, кешке бал жесең, қаның тап-таза болар еді» деді. Көкөністер, жеміс-жидектер адам ағзасында сілтілі ортаны – PH 7.0-7.4 қалыптастырып, ауру туындауға жол бермейді.

Үшіншісі – күніне бес рет қозғалыста болу не кем дегенде бес километр жаяу жүру. Сондай-ақ бұқаралық спорт не «Бутейко», «Цигун» сияқты жаттығулар ұдайы жасау. Өкінішке қарай, бүгінде қозғалыстың аздығынан артериялық гипертензия, инсульт, инфаркт, қант диабеті, артроз, остеопороз сияқты аурулар тым көбейіп кетті. Дене қозғалысы жеткіліксіз (гиподинамия) болған жағдайда иммунитет күрт төмендеп, жалқаулық, ұйқышылдық сияқты азғындықтар басталады. Тұлға төмендей бастайды. Қозғалыстың аздығы ағзада оттегінің жетіспеушілігіне әкеліп, ерік-жігерді төмендетіп, өз-өзін бақылай алмай қалады, тіпті дұрыс ойлау қабілетінен айрылады. Ұлы Абай: «Жұмысы жоқтық, тамағы тоқтық аздырар адам баласын» десе, Шәкәрім айтады: «Еріншектік – салақтық, салақтықтан – надандық. Бірінен бірі туады. Жоғалар сөйтіп адамдық» дейді. Ұлы шипагер Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы обырдың алғашқы сатысын күміспен емдеген. Сырқатқа берер суға үнемі күміс салып отырған. Суға салғанда күміс иондары бөлініп жылдар бойы жиналған токсиндерді ыдыратып, иммунитетті күшейткен. Неміс ғалымы Р.Бекер: «Күміс әсерінен ағзада пайда болған иммундық жүйені нығайтатын жасушалар обырды жояды» деді. Сондай-ақ, күміс қызыл иекті шыңдап, жүрек қызметін ретке келтіреді.

Төртіншісі – «Жақсы күлкі – денсаулық мүлкі» дегендей күніне бес рет рахаттанып қарқылдап күліп, жадырап-жайнап отыру. «Мазасыздық пен қорқыныш – адамды құртатын теріс эмоция. Сондықтан босаңсу, мүлгу, медитация, психотерапияға жүгініп, 6-8 сағат жақсы ұйықтап, бір сәт уайым-қайғыны ұмытып, бір сәт мұңсыз болу, көңілді басқа жаққа бұру. «Күлкі – өмір кілті. Кім күле біледі, сол әлемді билейді. Күші мол ашу-ызадан құтылар, күлкісі мол қайғыдан құтылар», дейді халқымыз. Ең болмаса жымиып, күлімсіреп жүріңіз. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы: «Бұрынғылар біреуге ренжіп ашуланған адамды көрсе, ол – әлі өзін танымаған жан деп айтатын» дейді. Ұйғырлар: «Қарға қарқ-қарқ деп өз көңілін өзі көтереді» дейді, ал қазақ «қайғысыз қара суға семіреді» дейді. Ақиқатты мойындап, болған іске болаттай болу, Алладан әр нәрсенің түбін, қайырын сұрау.

Бесіншісі – күніне бес рет тәубеге келіп, бес рет «Әлхамдулиллах» деп өміріне, тағдырына, отбасына, ризығына риза болу, қанағат тұту. Бүгінде адам таңдаудың көптігінен қанағатсыздық деген ауруға ұшыраған. Ең ауыр дерт – сана дерті. Ниетің тазарып, көңілің кіршіксіз болып, жүрегіне иман қонбай, санаң сауықпайды.

Баккого: «Аурудан жазылып кетемін деп ойлаудың өзі – сауыққандық» дейді. «Тәубесі бардың тауасары бар», «Тәубеменен төрт дүниең түгенделер», дейді халқымыз. Жаның сауықпай, тәнің сауықпайды, яғни тәубеге келген адамның жүрегіне иман кіреді.

Скрининг тексерулерден өтіп, ұдайы сілтілі диетаға отырып, денсаулықты тек Алладан сұрап, жан мен тәнді бірдей сауықтырып отыруымыз керек. Бөлтірік шешен: «Жан мен тәнді бірдей сауықтыру үшін жеті нәрседен қашып жүр» деді. Бірінші, «күншілдік» деген бар, содан сақтан, екінші, «кекшілдік» деген бар, содан сақтан, үшінші, «астамшылық» деген бар, бұдан алыс жүр, төртінші «қараулық» деген бар, содан қалыс жүр, бесінші, «бәлеқорлық» деген бар, одан ада бол, алтыншы, «ынсапсыздық» деген бар, содан таза бол, жетінші, «сараңдық» деген бар, одан қашып жүр деген.

Сәтсіздіктерді ұмытып, ауыр мұңға батып торыға бермей, Құдай қаласа сауығып кетемін деп ойлап, тәнің бекем, рухың асқақ болсын! Құдайға күніне бес рет құлшылық жасап, бес рет көкөніс жеп, бес рет қозғалыста болып, бес рет рахаттанып күліп, бес рет тәубеге келу – денсаулық сақтаудың және ұлт саулығының басты кепілі демекпін.

Бекпейіс ҚОЙЛЫБАЙ,
дәрігер-травматолог.
Шиелі ауданы

Тереңге тартқан тамырын

Құрып кеткір қара дерт қайдан жабыса қалды екен? Ашық күнде төбесінен түскен жай жұлын-жүйкесін көктеп өтіп, табанынан тесіп шыққандай, есеңгіреп қалды. Мұнымен бірге жер-дүние қоса теңселіп кеткендей. Дәрігерге үміттене қарады. Оның ойында ештеңе жоқ, талайды көрген пәле ғой, жайбарақат қағазын жазып отыра берді.

– Диагноз дұрыс көрсетіп тұр ма өзі? Құрғаған көмейінен үні құмыға шықты. Дәрігерлік этикетті киелі кітаптай жаттап алған онколог маман енді қағаздан басын көтеріп:

– Солай болып тұр, ағасы... Емдомды уақытында қабылдап, күтініп жүрсеңіз, сырқаттың өршуін тоқтата аламыз. Әзірге ауруханада жатасыз, – деді. – Ең бастысы, уайымға берілмеңіз, осы ауруды арқалап жүріп-ақ ұзақ ғұмыр сүргендер баршылық.

Ауыз шіркінді дарбазадай аңқитып ашып қойсаң, алдарқатқан сөздің алты атасын естисің. Айтуға – оңай, қайтуы – қиын. «Уайымдамаңыз» дейді... Неше күн тексерілгенде, тапқаны осы болса, қалай уайымдамайды? Бауыры сыр бергенде, анау-мынау дертке дес бермейтін көңілмен «жетпістің белортасын омырғанда осылай жүріп-тұруың ауырлайды» деп өзін-өзі жұбатқансып еді, бірақ қылыштай қиып түскен қаһарлы үкімді күтпеген. Меңзеңі күйінде жарты ғасыр жұптасқан жары Кәмпитті ойлады. Жаманатты хабарды естісе, қазаны төңкеріліп түсетін шығар. Не де болса, айтпау керек. Тумысынан сабырына сүйеніп, әліптің артын бағып үйренген ол бойын тез жиып алды.

Аудандық аурухананың ақ төсегін жамбастаған күндер ақырын өтіп жатты. Қанша жасыруға тырысқанымен Мақсұтбек ағаның қатерлі сырқатқа ұшырағанын ел біліп алды. Кәмпиттің құлағына да жетті. Бозінгендей боздап, «бұл құдайға неден жаздық, жан баласына қиянатымыз жоқ еді» деп көз жасын көлдеткенде, қосағының қолын сипап отырып, «Алланың жазғанын көреміз де, қабағыңды түсіре берме, қабырғама батады, бұл аурудан жазылып жатқандар да бар» деп басу айтты. Бірақ ішінен «жел-құзға ұрынбай, салауатты өмір салтын сақтап тіршілік кешіп едім, мына пәле адам таңдамайды екен де» деп ойлап қойды.

Оңашада адамға ой үйір. Ұлдардай ұл-қызы, уілімен сүйекті балқытқан немерелері есіне түскенде, көңілі сәлпәл көтерілген сияқты. Шүкір ғой. Осы жасқа жеткенше бір адамдай бақуатты, базарлы ғұмыр кешіпті. Ешкімнің жел жағынан шаңдатып, шамына тимепті. Сүтпен сіңген салиқалы мінез сабасынан асырмады, бәйек боп біреулерге бас ұрмады. Қай қызметтің тұтқасын ұстаса да, ұсынақты қалпынан айнымай, адал еңбек етті, соңынан сыбыр ерткен жоқ. Сонысымен елге де, ерге де сыйлы болды. Ауданға жаңадан келген басшылар айналасын тасқаяқтай қағыстырып жатқанда, бұған тиіспейтін, қайта көтермелеп қоятын. Қағазға қатты, аудандық партия комитетінің қаулы-қарарлары мен нұсқаулықтарына мұның қаламының ұшы тимеген кезі жоқ. Ол уақытта компьютер деген қайдан болсын, қай баянат та қолмен жазылады. Оның үстіне ұйымдастыру бөлімі аупарткомның штабы сияқты, жергілікті ұйымдардан келіп жатқан құжаттарды өңдеп, реттеп, тиісті шешім қабылдауға әзірлеу оңай шаруа емес. Кейде апталап кеңседе қазылып отырасың. Санаға түсетін салмағы қанша. Төзімі темірдей қызметкер ғана соның бәріне шыдас береді. Құдайға шүкір, ондай төзім Мақсұтбек ағаның бойында жетіп-артылатын.

Терезенің әйнегін әлсіз сыңғырлатып темір жолдың дүрсілі естілді. Шамасы, ауыр жүк пойызы болар. Осы дыбыс бала жасынан құлағына сіңіп қалған. Түк өзгерсе-ші... Жосалы станциясындағы вокзал ғимараты да сол бәз-баяғы қалпында, бір кірпіші кертілмеген. Өзгеріп, ұзап бара жатқан мұның өмірі. Жетпіс бес жасқа толыпты. Бәрі де кешегідей сияқты еді...

1946 жылдың 11 қыркүйегінде Қармақшы ауданының «Қызылтам» елді мекенінде теміржолшы әулетінде дүниеге келді. Сталин өлген жылы Абыла бекетіндегі нөмірі 113 мектептің табалдырығынан аттады. Жоғарғы сыныпта кешкі бөлімге ауысып, күндіз жұмыс істеп, механизатор мамандығын игерді. Ол кезде жоғары оқу орнына бірден түсуің мүмкін емес, еңбек өтіліне қарай құжатыңды қабылдайды. Үш жыл ауылда тракторшы болып тер төгіп, жылдың төрт мезгілінде толастамайтын қыруар шаруаның отымен кіріп, күлімен шықты. Ата-анасы да жалғыз ұлдың жанқиярлық тірлігіне дән риза, Алматыға барып бағымды сынаймын дегенде, қарсы болған жоқ, алақан жайып ақ батасын берді. Құдая тоба, үлкендердің тілеуі ме, алдына жан салмайтын алғырлығы ма, сынақтардан ақбоз аттай шауып өтіп, талайдың қолы жетпейтін жалғыз университеттің, ҚазМУ-дың тарих факультетіне топ ете

түссін. Бұл 1964 жылдың қоңыр күзітін. Жұртты «жүгеріге байлап қойған» жылтыр бас қарасын жоғалтқан, СОКП Орталық Комитетінің тағына қабағы қалың, мінезі мәйін Брежнев келіп жайғасқан. Көзі ашық студент емес пе, заманның басқаша бағыт аларын, өзгерістер өркен жаярын анық сезген. Алайда, «көңілшек көсем» басқарған Орталықтың аудандық ұйымында он жыл бойы «дорогой Ильичтің» ұзынсонар баяндамаларын сүзіліп оқып, көпшілік алдында талдап, талқылап тұратынын ол кезде бұл қайдан білсін? Төрт жылдың түбін түсіріп, тарихтың тарау-тарау жолдарынан асып, қатырма дипломды қалтаға салып, туған жерге оралды. Білімі аузымұрнынан шығады, қайда жұмсаса да, тартынар емес. Қызылдың қиясындағы нөмірі 185 мектепке шөбі түсіп тұр екен, тәуекел деп тартып кетті. Аудан орталығынан мойны қашық болса да, көлденеңге көңілі жақын елді көргені осы – аз уақытта ағайын-жұртқа сіңісіп алды. Университеттің қасқа маңдайлары қойын-қонышын сыйғанынша толтырып жіберіпті, алтыншы сынып пен оныншы сыныптың аралығындағы оқушыларға тарихтан сабақ берді. Сағат жетіп-артылады, ертеден қара кешке дейін мектепте. Шаршау қайда?! Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы мен ынта-ықыласы шабытын ашып, кезекті тақырыпты түсіндіргенде, оқулықтан тыс деректермен тұздықтап, еліктіріп жіберетін. Ара-арасында студенттік жылдардың қызықтары, ару Алматы жайлы жыпжылы естеліктер айтып, болашақ түлектердің арман-үмітін маздатады. Кім біледі, ертеңгі күні шәкірттерінің біразы Алатаудың баурайында білім бұлағынан қанып ішіп, бұлықсып жүретін шығар. Өзі де осындай қара домалақ балалардың арасынан суырылып шықты ғой.

Қарап отырса, мұның саяси қызметтегі жолы мектеп қабырғасында басталған сияқты. Мектеп басшылығы «астана көрген» жас мұғалімді қоғамдық жұмыстарға көбірек жекті. Өзі де кетәрі емес еді. Сабақтан тыс мезгілде ауыл жастарының басын біріктіріп, саяси-көпшілік сабақтар, тақырыптық кештер ұйымдастырып, бүгінгі күннің өзекті мәселелері төңірегінде әңгімелер өткізетін. Бастауыш комсомол ұйымының жұмысына белсене қатысып, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Осы белсенділігі кейін туған ауылындағы нөмірі 113 мектепке ауысқанда да толастаған жоқ.

Ол кезде бүгінгідей «қызмет қуу» деген ұғым болмайтын. Қызмет сені өзі іздеп табатын. Бір күні қарапайым мектептің қарапайым мұғалімі аудандық партия комитетіне шақырылды. Бірінші хатшы Ахметжан Жанпейісов аз-кем таныстықтан соң:

– Сыртыңнан естіп-біліп жүрмін. Білікті ұстаз, аудандағы алғыр жастардың бірісің, – деді бұған көзінің астымен сынай қарап. – Өзіңдей комсомолдар бізге қолғанаттыққа да керек. Ақылдаса келіп, сені аудандық комсомол комитетінің екінші хатшылығына ұсынғалы отырмыз.

«Келісесің бе?» деп сұраған да жоқ, партия айтты, бітті! «Алға, комсомол, жеңіс жолында!» Осылайша Мақсұтбек Өтегеновтің саяси қызметі басталып кетті... Әрі қарай – халық депутаттары аудандық кеңесі атқару комитеті ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, аупарткомның нұсқаушысы, бөлім меңгерушісі, Жосалы кеңшарының партком хатшысы, аудандық кеңесі атқару комитеті төрағасының орынбасары сияқты лауазымды сатылардан өтті. Арасында бастапқы мамандығына сәйкес, үш жыл Ш.Уәлиханов атындағы мектептің директоры қызметін атқарып, білім ордасының техникалық-методикалық базасын нығайтуға атсалысты. Сосын аудандық киноландыру жүйесінің тұтқасын жеті жыл ұстап, тосын саланың сан қилы әлеміне енді де кетті. Ол бір қиын жылдар болатын. Еліміз тәуелсіздігін орнықтыру жолында күш біріктіріп, жаңа экономикалық саясатты барынша игереміз десек те, білмеген жердің ұңғыл-шұңғылы қадамымызды сүріндіріп, түйткіл түйіндер тығырыққа тірей берді. «Алма піс, аузыма түс!» дейтін жаймашуақ кезеңдер жарықтық компартияның қанжығасына бөктеріліп, «кемелденген социализмнің» соңынан қуалап кетіпті. Енді бәрі басқаша. Нарықтық қатынастар есік қағып тұр. Айлықты да, шайлықты да өзің тауып, жоғарыға жаутаңдамай күн көруің керек. Жаратылысынан жаңашыл, қиыннан қиыстыруды үйренген Мәкең іскерлігінің арқасында өзі басқарған ұжымды аз уақыттың ішінде шырғалаңнан алып шықты. Күн құрғатпай өзгеріп жатқан заңдар мен қаулы-қарарлардың ізіне бірдей еріп кетпей, аңысын аңдады, турасын таңдады, бағдарын барлады. Сақтығы сан соқтырған жоқ, алғашқы нәтижелер де көрініп, үміт отын маздатты. Еңбегі еленді. Бірнеше рет облыс әкімдігі және мәслихаттың Құрмет грамотасымен марапатталды. Орден-медальдармен омырауы жылтырады. «Қармақшы ауданының құрметті азаматы» атағын иеленді. Бір адам үшін аз абырой ма?!

Мақсұтбек Өтегенов 1999-2007 жылдары екі шақырылым бойы халық қалаулысы атанып, Қармақшы аудандық мәслихатының хатшысы қызметін атқарды. Әріптестерімен күрделі жылдардың ауырлығын бірге көтерді, жергілікті бюджетті қалыптастыру және игеру, реттеу, сайлаушылар аманаттарын орындау бағыттарында аянбай еңбек етті. Аудан көлеміндегі қандай бір шаруашаралардың басы-қасында жүріп, ортақ мақсатқа үлес қосты, үдеден шықты, үлгі болды. Құрметті зейнет демалысына шыққаннан кейін де қоғамдық жұмыстарға бел шешіп араласты. Аудан әкімдігі ардагерлер кеңесінің төрағасы ретінде өмірлік тәжірибесін жастарға үйретуден жалыққан емес. Жұбайы Кәмпит Ұзақбаева ауданға белгілі ұстаз, оқу ісінің үздігі, орта мектептерде оқу ісінің меңгерушісі, директоры қызметтерін атқарып, зейнетке шықты. Екеуі, міне, үш бала, 4 немере және 4 шөберенің қызығына кенеліп отырғанда... қара аспанның қақырай сөгілгенін көрмейсің бе?

...Облыс орталығындағы онология орталығында емделіп, туған үйіне оралғанына да біршама уақыт болды. Емдеуші дәрігер шығарып салып тұрып: «ағасы, бала-шағаңыздың ортасында тынығып алыңыз, сосынғысын тағы да көре жатармыз» деген. Ымды түсінбей не көрініпті? Бір есептен ол да дұрыс шығар. Өз ошағыңа, өз отаныңа не жетсін, демің жеңіл үзіледі...

Бүгін Мақсұтбек ағамның пәниден озғанына жыл толып отыр. Пейіште нұрың шалқысын!

Шаһизада ӨТЕТІЛЕУҰЛЫ

Жыл басында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке біраз тапсырмалар берді. Соның ішінде экономикалық өсімді қалпына келтіру және қазақстандықтардың нақты табысын арттыру – негізгі әлеуметтік басымдықтардың бірі екендігін атап өтті. Сондай-ақ, биыл 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аяқталып, Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған Ұлттық жобасы қабылданды. Осы орайда, Еңбек министрінің 7 ақпандағы № 46,47 бұйрықтарымен субсидияланатын жұмыс орындарының, яғни қоғамдық жұмыстар, жастар практикасы мен әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру, сондай-ақ, кәсіпкерлік бастамаларды қолдауға бағытталған «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздерге оқыту мен қайтарымсыз гранттар беру қағидалары қайта бекітілді.

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары

Жаңа қағида бойынша өзгерістерге тоқталатын болсақ:

Субсидияланатын жұмыс орындар бойынша биылғы жаңалық – жұмыс берушілер субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастыруға өтінімді қажетті мәліметтерді толтыра отырып жұмыспен қамту орталығына Электрондық еңбек биржасындағы «жеке кабинет» арқылы электронды түрде береді.

1) Қоғамдық жұмыстардың жалақысы 42500-ден 61260 теңгеге дейін артты, қатысу мерзімі 12 айға дейін, тіркеуде тұрған барлық жұмыссыздар қатыса алады.

Қоғамдық жұмыстар барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда ұйымдастырылады, бұл ретте салық және басқа да әлеуметтік аударымдарды жүйелі жүргізетін, жалақы бойынша мерзімі өткен берешегі жоқ және бір жылдан астам қызмет ететін жұмыс берушілер қатыса алады. Облыс орталығындағы жұмыс берушілер қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруға екі жылда бір рет қатысады. Қоғамдық жұмыстарға қатысушылардың саны жұмыскерлердің тізімдік санының 40%-інен аспайды (мысалы, 1 мекемеде 10 адам жұмыс істесе, қоғамдық жұмысқа 4 адамға дейін ала алады). Мүгедектігі бар және жазасын өтеу орындарынан келген азаматтарға шектеу қойылмаған.

2) Жастар практикасына қатысушылардың жалақысы 76575-тен 91890 теңгеге дейін, қатысу мерзімі 6-дан 12 айға дейін ұлғайды. Бұл шараға 29 жасқа толмаған, соңғы 3 жылда жоғары және арнаулы орта оқу орындарын бітірген және еңбек өтілі жоқ түлектер қатыса алады.

Жастар практикасы барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда ұйымдастырылады, бұл ретте салық және басқа да әлеуметтік аударымдарды жүйелі жүргізетін, жалақы бойынша мерзімі өткен берешегі жоқ және бір жылдан астам қызмет ететін жұмыс берушілер қатысуға жіберіледі.

3) әлеуметтік жұмыс орындарына орналастыру жалақыны 35 процентін субсидиялау арқылы жүзеге асырылады, субсидияның максимальді мөлшері 42500-ден 61260 теңгеге дейін артты, қатысу мерзімі 12 айға дейін, тіркеуде тұрған барлық жұмыссыздар қатыса алады.

Әлеуметтік жұмыс орындары барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда ұйымдастырылады, бұл ретте салық және басқа да әлеуметтік аударымдарды ұдайы жүргізетін, жалақы бойынша мерзімі өткен берешегі жоқ және бір жылдан астам қызмет ететін жұмыс берушілер қатысуға жіберіледі. Табысы аз және/немесе көпбалалы отбасылардың еңбекке қабілетті мүшелері, мүгедек балаларды тәрбиелеуші адамдар үшін сондай-ақ үйде әлеуметтік жұмыс орындарын құру көзделеді.

4) «Алғашқы жұмыс орны» жобасы 29 жасқа толмаған, жұмыс тәжірибесі жоқ жастар, оның ішінде NEET санатындағы жастарға алған кәсібіне (мамандығына) сәйкес жұмыс орындарын құруды көздейді, жалақы көлемі 61260-тан 91890 теңгеге дейін, ал қатысу мерзімі 12-ден 18 айға дейін ұлғайтылды. Жұмыс беруші жобаға қатысу мерзімі аяқталғаннан кейін жұмыссызды кемінде 12 (он екі) ай мерзімге тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналастыруға міндетті.

5) «Ұрпақтар келісім-шарты» жобасына 2 жыл ішінде оқуын аяқтаған және 29 жасқа толмаған білім беру ұйымдары түлектері қатысады, жоба шеңберінде жұмысқа орналасқан адамға зейнеткерлік жасқа жетуге кемінде 6 (алты) ай қалған тәлімгер тағайындалады. Жалақы көлемі 61260-тан 91890 теңгеге дейін артты, қатысу мерзімі 6 айға дейін. Жұмыс беруші жобаға қатысу мерзімі аяқталғаннан кейін жұмыссызды Еңбек кодексінің 38-бабына сәйкес тәлімгердің бос жұмыс орнына немесе басқа бос орынға ауыстыруға міндетті.

6) Биылдан бастап зейнеталды жастағы адамдар үшін «Күміс жас» жобасы іске қосылуда. Бұл жоба зейнеткке шығуына екі жыл мерзімі қалған жұмыссыздарды орналастыруды көздейді, жалақының 50 проценті мемлекеттен субсидияланады және субсидия мөлшері 61260 теңгеден кем болмайды. Жобаға қатысу мерзімі 12 айға дейін, одан кейін жұмыс беруші жобаға қатысушыны зейнетке шыққанға дейін тұрақты орынға орналастыруға міндетті. Жобаларды ұйымдастыру үшін құрылатын уақытша жұмыс орындарының саны жұмыскерлердің тізімдік санының 20%-інен аспайды. (мысалы, 1 мекемеде 15 адам жұмыс істесе, қоғамдық жұмысқа 3 адамға дейін ала алады). Аталған субсидияланатын жұмыс орындар уақытша сипатта және бұл орындарға орналасқан адамның еңбек қызметі оның еңбек өтіліне есептеледі. Жоғарыда айтылғандай, жұмыс беруші электрондық еңбек биржасында «жеке кабинет» арқылы қажетті мәліметтерді көрсете отырып, жұмыс орындарын құруға электронды өтінім береді және халықты жұмыспен қамту орталығымен шарт жасасқаннан кейін сол жерде бос жұмыс орындарын жариялайды. Сондықтан барлық жұмыссыздар жұмыспен қамту орталықтарына хабарласпай-ақ Электрондық еңбек биржасында бос жұмыс орындарын бақылай алады.

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға берілетін қайтарымсыз грант беру шарттарына да өзгерістер енгізілді.

Мемлекеттік грант мөлшері 200-ден 400 айлық есептік көрсеткішке дейін артты, биыл 1 225 200 теңгені құрайды. Сонымен қатар, бұрын мемлекеттік гранттарға барлық санаттағы азаматтар үміткер болса, биылдан бастап тек 29 жасқа дейінгі жастар мен әлеуметтік осал топтарына жататын азаматтар ғана грант ала алады. Әлеуметтік осал топтарға – атаулы көмек алушы отбасы мүшелері, көпбалалы отбасылардың мүшелері, мүгедектер, мүгедек баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы алатын адамдар және қандастар жатады. Грант беру процесі биыл электронды түрде өтеді, яғни адами фактор жойылып, грант алуға үміткердің талапқа сай келетіндігі (келмейтіндігі) жүйе арқылы анықталады. Бұл ретте үміткерлер өтінімдерін 1 наурыздан бастап іске қосылған «Еңбек-Бизнес» порталына ЭЦҚ (электронды цифрлық қолтаңба) арқылы тапсырады.

Айта кететін жайт, аталған санаттағы азаматтар жұмыспен қамту органдарында тіркеуде тұрған жұмыссыздар, мәртебесін ресімдеу мерзімі 1 жылға дейінгі жеке кәсіпкерлер, бірыңғай жиынтық төлем төлеушілер, жеке қосалқы шаруашылықта жұмыс істейтін азаматтар қатарынан болуы тиіс. Сондай-ақ, грантқа үміткер «Бастау Бизнес» жобасының сертификатын (соңғы 3 жыл ішінде алған) және кемінде 1 жыл тұрғылықты жері бойынша тұрақты немесе уақытша тіркеу туралы мәліметтерді ұсынады.

Мемлекеттік грант беру туралы шешімді грант алуға үміткерлердің өтініштерін қарау жөніндегі арнайы комиссия шығарады. Комиссия жұмыспен қамту орталықтарының жанынан құрылады. Оның құрамына «Атамекен» палатасының өкілі, қоғамдық бірлестіктер, қоғамдық ұйымдар, бизнес және БАҚ өкілдері, сондай-ақ, сала эксперттері енеді. Комиссия отырысында үміткер бастапқы бизнес жобасын таныстырады. Айта кетейік, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларының қатысушылары болып табылатын адамдар грант алуға үміткер бола алмайды. Гранттар тұтынушылық мақсаттарға, кредиттік қарыздарды өтеуге, жылжымайтын тұрғын үй сатып алуға және салуға, жер учаскелерін сатып алуға, акцизделетін өнімдер өндіруге берілмейді.

Грант алушы грант алған күннен бастап 12 ай ішінде бизнесті кеңейтуге бағытталған шараларды қоспағанда, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатыспайды. Ескеретін жайт, грант бір рет беріледі. Халықты жұмыспен қамту орталығының өкілі гранттың мақсатты пайдаланылуына тұрақты мониторинг жүргізіп отырады.

«Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқыту Өңірлік кәсіпкерлер палатасы арқылы биылғы жылы да онлайн-форматта өткізіледі.

Оқуға жоғарыда айтылғандай ХЖҚО тіркелген жұмыссыздар, бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер, мәртебесін ресімдеу мерзімі 1 жылға дейінгі жеке кәсіпкерлер, оның ішінде қызметін тоқтатқандар және жеке қосалқы шаруашылықта жұмыс істейтін адамдар қатысады.

Оқыту жоспарларын қалыптастыру процесінде білім алушылардың кемінде 1/3-і жастар санатына және кемінде 1/3-і аз қамтылған отбасы мүшелері – атаулы әлеуметтік көмек алушылар, көпбалалы отбасы мүшелері, қандастар, қоныс аударушылар, мүгедек баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақыны алатын адамдар және мүгедектер санатына сәйкес келуі тиіс.

«Бастау Бизнес» жобасына қатысушы «Еңбек-Бизнес» порталына ЭЦҚ (электронды цифрлық қолтаңба) арқылы тіркеліп, өтінім береді. Өтінім порталда нысаналы топқа сәйкестігі тексеріледі және мақұлдағаннан кейін өтінім онлайн-оқудан өту үшін автоматты түрде «Atameken Academy» порталына жіберіледі. Оқу ұзақтығы күнтізбелік 25 күннен аспайды, ол тегін өтеді. Оқуды аяқтағаны туралы сертификат үш жылға жарамды.

Қысқа мерзімді кәсіптік оқу

Білім беру ұйымдарында жұмыссыздарды кәсіптік оқыту жұмыс берушілердің өтініші бойынша олардың меншік нысанына қарамастан ұйымдастырылады. Белгілі бір талаптарды сақтау шартымен білім беру ұйымдары тізілімге енгізіледі, оның тәртібін «Атамекен» ҰКП белгілейді. Оқуға қатысуға ниет білдірген үміткерлер қажетті құжаттарды қоса бере отырып жұмыспен қамту орталықтарына өтініш береді. Оқуды аяқтаған жұмыссыздарға білім беру ұйымы сертификат немесе куәлік береді. Оқудан өтетін жұмыссыздарға ҚР заңнамасында белгіленген мөлшерде шәкіртақы, сондай-ақ жол жүруге, тұруға және медициналық тексеруден өтуге материалдық көмек көрсетіледі.

Материалдық көмек:

1) облыс шегінде, бірақ жұмыссыздар тұрақты тұратын елді мекендерден тыс орналасқан білім беру ұйымдарында оқыған барлық кезеңде оқу орнына баруға және қайтуға 4 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК) мөлшерінде жол жүруге;

2) жұмыссыздар тұрақты тұратын елді мекендерден тыс орналасқан білім беру ұйымдарында оқыған уақытта ай сайын тұруға – 10 АЕК мөлшерінде беріледі;

3) оқудың барлық кезеңінде медициналық тексеріп-қараудан өтуге 2 АЕК мөлшерінде беріледі.

Айта кетейік, оқыту онлайн режимде өткен кезде тұруға және жол жүруге материалдық көмек төленбейді.

2018 жылдан бері мүгедектер үшін арнайы жұмыс орындарын құрған жұмыс берушілердің шығындарын субсидиялауға республикалық бюджеттен трансферттер бөлініп келеді. Арнайы жұмыс орындарын құратын жұмыс берушілерге субсидиялар беру жұмыспен қамту орталығы мен жұмыс беруші арасында жасалған шартқа сәйкес жүзеге асырылады. Жұмыс берушілер 1 қарашаға дейін жұмыспен қамту орталығына немесе еңбек биржасы арқылы өтініш береді.

Субсидиялар жұмыс берушілерге арнайы жұмыс орындарын жабдықтау үшін жабдықты сатып алу, орнату және орнату шығындарын өтеу үшін беріледі. Мүгедектер үшін арнайы жұмыс орындарын ашу үшін жұмыс берушілер жұмыспен қамту органдарына және электрондық еңбек биржасына өтінім беруі керек.

Жұмыс берушілерге субсидиялар олар мынадай шарттарды сақтаған кезде ұсынылады:

1) құрылып жатқан арнайы жұмыс орындарының Мүгедектің жұмыс орны стандарттарына сәйкес келуі;

2) мүгедектерді жұмысқа орналастыру және олардың жұмыспен қамтылуын тұрақты жұмыс орны құрылған сәттен бастап сақтау;

3) жұмыс берушіде жалақы бойынша берешектің болмауы;

4) есептелген салықтар, алымдар және бюджетке өзге де міндетті төлемдер бойынша берешектің болмауы;

5) жұмыс берушінің құрылған арнайы жұмыс орындарында атқарып отырған лауазымына сәйкес мөлшерде жалақы төлеуін қамтамасыз етуі.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы

ДЕНСАУЛЫҚ

Нефрологтар кеңес берді

Көпбейінді облыстық аурухананың кеңес беру және диагностика бөлімшесінде Ашық есік күні өтті. Аурухананың бүйрек аурулары бөлімшесінің меңгерушісі, облыстың жоғары санатты штаттан тыс бас нефрологі Лиза Нұрсұлтанова мен нефролог Сандуғаш Досмаханова науқастарды қабылдады.

Sb Гүлбану МАҚАЖАН, «Сыр бойы»



Халықты бүйрек ауруы туралы кеңінен ақпараттандыру, ауруларды ерте диагностикалауды мақсат еткен іс-шараға келген жандардың қарасы қалың болды. Дәрігер қабылдауында болған қала тұрғыны Нұрсұлу Айдарбекова бүйрек ауруына жас күнінде мән бермегенін айтады.

– Алпыстан астым. Жас кезімде бүйрегім ауыратын. Әлсіздік, ұйқысыздық, тамаққа тәбеттің болмауы бүйрек ауруының алғашқы белгілері екен. Мән бермегенмін. Мүмкін бүйрек жұмысы содан нашарлаған шығар. Уақытылы қаралып дұрыс ем алмадым. Сырқатым бар. Содан әлі күнге дейін бүйрегімді жиі тексертіп, ем алып тұрамын. Бүгін білікті нефрологтардан жолдамасыз тегін кеңес алдым. Дәрігер барлық қан талдауларыма қарап, қандай ем алатынымды түсіндірді, – деді тұрғын.

Дәрігерлер бүйрек ауруларының алдын алу маңызды екенін ескертеді. Жүйелі түрде тұрғылықты мекен-жайы бойынша емханаға барып, профилактикалық тексерулерден өту қажет.

– Бүйрек дертін алғашқы сатысында емдеген жеңілірек. Ал сырқат асқынған жағдайда еңбекке жарамсыздыққа, тіпті, мүгедектікке дейін әкелуі мүмкін. Бүйрек аурулары жүрекке салмақ түсіріп, 30 пайызында инфаркт пен инсульттің себебі болады екен. Оны болдырмас үшін салауатты өмір салтын ұстанып, дене шынықтырумен айналысу қажет. Дене шынықтыру бүйрек ауруларының қаупін азайтады. Дәрі-дәрмекті дәрігердің нұсқауынсыз қабылдамаған жөн. Кейбір дәрілердің нефротоксикалық әсері бар. Егер қант диабеті, гипертензия, артық салмақтағы бүйрегі сырқат жандар болса, тұрақты түрде тексеріліп тұру қажет, – дейді нефролог Лиза Нариманқызы.



Жан-жақты қарым-қабілеттің иесі Жансая Жәнібекқызы бірнеше салада өз жолын тапқан жан. Аудандық құрылыс бөлімінде еңбек жолын бастаған ол бос уақытында өнерін дамытып келеді. Той-бизнес саласында биік талғамымен дараланып, нәзік болмысымен ерекшеленген Жансая Төреманованың өнеріне ел риза. Бүгінде ол – аудандағы той ұйымдастырушысы. Көбіне қыз ұзату, бесік той, тұсаукесер мен шағын мерейлі мерекелерді заманауи нақышта жүргізеді. Асабалық өнерде жүргеніне бес жылдан асқан.

Нәзік болмыстың иесі

– Алғаш ұжымымдағы Наурызбай Битасов ағаның қыз ұзату тойын жүргізіп бердім. Осы шара менің қарым-қабілетімді ұштап, сұраныс көбейе бастады. Аптасына 2-3 тойға тапсырыс алып, мұқият дайындық жасаймын. Барынша той иесімен ақылдасып, көңілде қаларлық сәт сыйлауға тырысамын. Әр шара мен үшін үлкен жауапкершілік пен ізденіс жолы іспетті. Бір мәтінге байланып қалмаймын, әр тойға әртүрлі сөз саптауға асығамын. Сондықтан болар, көпшілік менің шығармашылығымды бағалайды, – дейді ол.

Осы күнге дейін 300-ден аса қыздың ұядан ұшқан сәтіне куә болып, ұзату кешін ұйымдастырды. Көпшіліктің пікірінше, ол өз ісіне тиянақты әрі қолжетімді бағада қызмет көрсетеді.

Жансая Төреманова – одан бөлек бесаспап аспаз. Тәтті бәліштер мен табиғи таза сусындарды жасап, желідегі парақшасына жүктеуді де ұмытпайды. Үстіне ілген көркем киімдердің көбін өз қолымен әрлеген. Косметикалық талғамы да бір тақырыпқа арқау боларлық. Үй жиһазын таңдау, қонақ күту, бала бағу, үй жануарларына күтім жасау, қазақша салт-дәстүрлер тақырыбында салынған жазбаларын оқып, көп ақпарат алып, осыншама дүниені жасай алу да екінің бірінің қолынан келмесін сеземіз.

Бес перзентін жетілдіріп, жұмысын дөңгелентіп отырған ананың шапшаңдылығына ілесу де мүмкін еместей. Жолдасы Ағманов Нұрлан жарының өнерін қолдап келеді. Атасы Таңат пен енесі Пернекүл де баталарын беріпті.

Аудандық келіндер сайысын жыл сайын ұйымдастырып, ел ішіндегі елеусіз жүрген нәзік жандылардың дара қасиетін көпшілікке танытып жүрген де осы Жансая. Қайырымдылық жолында да толағай тіршілігімен танылды. Мүмкіндігі шектеулі азаматтарға, мұқтаждарға жариясыз-ақ өз жәрдемін беруде. Жансаядай арамызда қаншама қызкеліншектер бар. Адал еңбекпен нәпақасын тауып, үлгілі ісімен алға озып, жан-жағына нұрын төгіп, халықтан алғыс алып, өніп-өскен Жансаяның еңбексүйгіш қасиеті көпке үлгі.

Мақпал МАРҚАБАЙ.
Жаңақорған ауданы

ЖҮРЕКТЕН ДӘРЕМЕТ, ЖҮЗІНЕН ШАПАҒАТ ШАШҚАН

Әр адамның өмірі – бір тағдыр, бір тарих. Сол адам тағдырын өзі арқалап, тарихын еліне арнайды. Бірақ, оны көбіне қимас жақсымыз жанымыздан алыстай бергенде сеземіз. Іздейміз, ізгілігін кейінгі ұрпағына жеткізуді парыз тұтамыз. Біз бүгін Сыр елі денсаулық сақтау саласының дамуына кәсіби біліктілігімен бірегей үлесін қосқан провизор маман, КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Ердәулет Оразбеков туралы әңгімелемекпіз.

Sb Дүйсенбек АЯШҰЛЫ, «Сыр бойы»

Ердәулет 1942 жылы 17 наурызда майдангер Оразбек пен қарапайым отанасы Қалбибіштің отбасында дүниеге келген. Әкесі соғысқа аттанғанда сәби іште қалған екен.

«Қырық жыл қырғын болса да ажалың жетпей өлмейсің» деген, қан майданның қасап даласында үш рет оқ тиіп құлап, үш рет қайта сапқа тұрған солдат Оразбек Сапарбаев күллі Еуропаны етігімен басып өтіп, Берлинге жетеді. Жоғарғы қолбасшылық оны соғыстан соң да Польша мен Чехославакияда бейбіт өмір қалыптастыру қызметіне қалдырады.

Отан алдындағы борышын өтеп, омырауында «Ерлік көрсеткені үшін», «Варшаваны азат еткені үшін», «Берлинді алғаны үшін» секілді бірнеше медалі жарқыраған жеңіс жауынгері 1947 жылы елге оралады. Бейбіт күннің еңбегін Шиелі аудандық газет баспаханасындағы қара жұмыстан бастайды. Мұнан соң «Гигант» совхозының мал шаруашылығында қызмет етеді. Еңбек майданында да өзінің күш-жігерін аямаған Оразбек соғыстағы үш рет денесін көктеп өткен қорғасын оқтың зардабынан 1964 жылы алпыс жасқа да толмай өмірден өтті.

Он үш құрсақ көтерген Қалбибіш ананың жеті нәрестесі шетінеген. Ол заманда медицина әлсіз, дәрі-дәрмек қат. Қызылша, оспа деген аурулар қазақ ауылының балаларын қынадай қырған. Азанда бір баласын, кешке бір баласын жерлеген аналар болған.

Әкесі қайтыс болғанда Шиелі стансасындағы Ломоносов атындағы №47 мектепті үздік бітірген үйдің үлкені Ердәулет Алматы қаласындағы Асфендияров атындағы медицина институтының 1-курсында оқып жүр еді. Үш қарындасы мен інісі Әшім мектеп оқушысы, ал, отбасының кенжесі Тәшім төрт жаста болатын.

Бұл кезде Оразбек отбасы Жаңақорған ауданының Байкенже ауылында тұратын. Бар ауыртпалықты арқаға салған Қалбибіш ана бес баласымен тіршілік теперішін тартты. Атқа аяғын енді артқан Ердәулет оқуының бірінші жылын аяқтап, ауылға келіп үй салды. Қазіргі кезбен салыстырсақ, осы жастағы балалар әлі ата-анасының әлдиімен жүретін кез. Студент жасындағы бозбаланың бозалатаңнан тұрып, белі бүгіліп, қолы майысып, кетпендеп лай жатқызып, кесек құйып жүргені – сол заманның зіл салмағы мен ауыр хәлінің бір дәлелі.

Ердәулет 1968 жылы институтты провизор мамандығы бойынша бітіріп, Қызылорда қаласындағы №33 дәріханада еңбек жолын бастады. Екі жыл ішінде алған білімі мен адами қасиеттерін жақсы таныта алған жас маман қалалық перзентхананың дәріхана меңгерушілігіне жоғарылады. Ал, 1974 жылы Шиелі аудандық №34 дәріхана меңгерушісі және аудандық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету бөлімінің басшысы болып бекітілді. Ол осы қызметті жиырма жылдан астам атқарды. Кәсіби біліктілігін, азаматтық қарымын халықтың денсаулығын сақтауға арнады. Уақытпен санаспады, жеке жағдайымен есептеспеді, қажыр-қайратын елдің қызметіне жұмсады. Абырой иеленді, алғыс алды.

Кеңестік заманда жоспарлы экономикаға негізделген қоғамның өз жетістіктері болды. Дұрыс ұйымдастырылған жұмыс жан-жақты нәтиже беретін. Ердәулет провизор маман ретінде ауданда қанша тұрғынның қандай аурумен ауыратынына сараптама жүргізді. Осыған орай жылдық жоспардың дер кезінде және тиімді жасалуын қамтамасыз етті. Сол еңбектің арқасында қажетті дәрі-дәрмектер әр жылдың басынан бастап дәріханаға жеткілікті мөлшерде түсіп тұрды. Ел ішінде ауырғандар Ердәулетке бар дейтін дәрежеге жетті. Өйткені, ол дәрі жеткізумен және сатумен ғана айналыспай, науқастармен арнайы байланыс орнатты. Есептте тұратын науқастар үшін қажетті дәрілерге тапсырыс жасап, олардың кеселден айығып кетуіне себепші болды. Жұртқа дәрімен ғана емес, жылы сөзімен де дәремет берді. «Дерт көп, денсаулық біреу» деп сақтандыра жүрді. «Жақының ауырып жатқанда – елемей селсоқ жүрерсің, әлекке ауру салғанда – қадірін жанның білерсің» дейтіндер қатарынан емес-ті. Әрбір ауырған адамның жай-күйіне алаңдап, жақсылық жаршысына айналды.

Еліміз тәуелсіздік алған тоқсаныншы жылдары қоғам нарықтық экономикаға қарай қадам басты. Дәріханалар жекешеленіп, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету саласы ыдырап, бұл қызмет облыстық денсаулық сақтау басқармасының бір бөліміне қарап қалды.

Дәл осы кезде облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы, медицина ғылымының кандидаты Тұрғанбай Маханов дәрі-дәрмек саласының құлдырамай аяққа тұрып кетуіне қауқарлы маман деп Ердәулет Оразбекұлын таныды. Сөйтіп, оны Шиелі ауданынан өзі басқаратын денсаулық сақтау басқармасына қызметке шақырды.

Ердәулет Оразбекұлы бұл қызметінде де басқарма басшысы күткендей, кәсіби шеберлігін, қызметке деген тазалығын көрсетті. Жерлестерімізді дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудегі қиын кедергілерден алып шығуға үлкен үлес қосты.

Ердәулет Оразбекұлының кәсіби біліктілігі туралы: «Облыстың медицина ұйымдарындағы дәрілік заттардың, профилактикалық препараттардың есебін жүргізу, сақталуын қадағалау, тиімді пайдалануы жөнінде ұйымдастыру-әдістемелік көмек жүргізе білді, – дейді 1998 жылдан бастап облыстық денсаулық сақтау басқармасының медициналық көмекті ұйымдастыру және кадрлармен жұмыс істеу бөлімінің жетекшісі болып қызмет атқарған Еркебай Аяпов, – Ерекеңді көп шәкірті біздің ұстазымыз осындай деп мақтан етеді. Ол кісінің бойындағы адами қасиеттері үлгі тұтарлық болатын. Ешкімді алаламайтын, жатырқамайтын. Ағамыз әсіресе отырыстарда ерекше көңілді болатын, әдемі даусымен ән айтатын. Әлі күнге дейін сыңғырлаған үні құлағымыздан кетпейді», – деп сағына еске алады ардагер.

Адам қызметте тек іс үстіндегі іскерлігімен танылса, өмірде күллі қазына кенін ақтарады. Еркебай ағамыз айтып отырған Ердәулет Оразбекұлының үлгілі бет-бейнесі, ешкімді жатырқамайтыны, тіпті жанындағыларға қуаныш сыйлап, ән салатыны, бұл – адам болмысындағы мейірбандық һәм тазалық сипат. Адамды мұндай қалыпқа түсіретін – ең әуелі ататек қасиеті, сосын өмір сабағы.

Әкеден жастай қалып, анасы мен бауырларына қамқор, қорған болған Ердәулет ерте есейіп, мойнына артылған жүкті қары талса да көтеріп, сүйегін сырқыратқан соғыс жарасын жаныма батты демей, тағдырмен күрескен жан.

Қызметіне қылдай қиянат жасамай, міндетін адал атқара жүріп, ағайын-туыс балаларының жоғары мектепте білім алуына да қолынан келгенше ықпал жасауы жарқын болашақты көбірек ойлауы екені анық. Өзінің туған інісі Әшім Оразбекұлын ауылдан Қызылорда қаласындағы орта мектепке ауыстыруы орыс тілін меңгерсін, қалалық мәдениетке үйренсін, жоғары оқуға қиналмай түссін деп келешегінен көп үміт күткені еді. Сол бауыры аға сенімін ақтады. Көп жыл жауапты қызметтер атқарып, аудан басшылығы лауазымына дейін көтерілді. Шиелі ауданының өсіп-өркендеуі жолында өз қолтаңбасын қалдырған елдің құрметті азаматына айналды.

Мәскеуден институт бітірген інісі Тәшен Оразбекұлы да бүгінде түрлі қызмет жолдарынан өткен білікті маман. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті әкімшілік-шаруашылық департаментінің директоры болды. Қазіргі таңда Қызылорда қызмет көрсету және сервис колледжінде басшылық қызмет атқарып келеді, техника ғылымдарының кандидаты.

Ердәулет ағаларының қамқорлығымен іні-қарындастарының бәрі де жоғары мектептерде білім алған. Сол оқудағы жастар сәті түсіп, Ердәулет ағаға сәлем бере келгенде: «Ең алдымен тәрбиелі болыңдар, тәртіпсіз білім адамның қас жауы», – деп екінші ұстаз әл Фарабидің сөзін еске салып отырады екен.

Бұл ол кісінің сәулелі сана, терең ақыл иесі болғанын көрсетеді.

Ердәулет аға өмірде дос жиған адам. Облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары болған Аманжол Садуақасов, облыстық жұқпалы аурулар ауруханасының бас дәрігері болып қызмет еткен Базарбай Атабаев, республикалық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету басқармасының басшылығына дейін өскен жерлесіміз Ержан Қалекеев, денсаулық саласының майталмандары – Өтеген Жәленов, Ыбырай Ахметов, Серік Мәуенов, басқа салалардан – Елтай Әбішов, Жақсылық Ахметов, Ырыс, Амангелді, Өміртай, Жұматай секілді белгілі азаматтар Ердәулет ағаның етене жақын достары болған.

Жақсылармен дос болудың өзі де – тәрбие. Әкенің жанындағы ізгі жандарды көрген балалары соларға қарап еліктейді, бой тіктеп ержетеді. «Әкең өлсе де, әкеңнің көзін көрген өлмесін» деген аталар сөзінің астарында осындай тәрбиелік мән бар.

Ердәулет Оразбекұлы тәлімді әке болды. Зайыбы Дәреже Закарияқызы екеуі екі ұл, үш қыз тәрбиелеп өсірді. Дәреже Шиелі ауданындағы өнер мектебінде фортепианодан дәріс берген музыка маманы еді.

Үш баласы әке жолын қуды, екеуі анасының ізін жалғады. Үлкен қызы Үлде мен ұлы Нұрбек білім саласында еңбек етіп келеді. Маржан мен Асылбек орта медицина қызметкерлері, ал, кіші қызы Сәуле Нұр-Сұлтан қаласында дәрігер-гинеколог болып қызмет атқарады.

Бақытты отбасы немере сүйіп, шөбере көрді, ағайын-туыспен, құда-жекжаттарымен өмірінің соңына дейін сыйласып өтті.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Қызылорда облыстық филиалы 2022 жылғы 25 наурызда күрделі жұмыстарын жүргізу бойынша

АШЫҚ ТЕНДЕРДІ ЖАРИЯЛАЙДЫ

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ» Қызылорда облыстық филиалы 2022 жылғы 25 наурызда сағат 10.00-де күрделі жұмыстарын жүргізу бойынша ашық тендер өткізетіні туралы хабарлайды.

Тендерлік құжаттама пакетін 2022 жылғы 25 наурызға дейінгі мерзімде мына мекенжай бойынша алуға болады: Қызылорда қаласы, К.Байсейітова к-сі 91А, Әкімшілік-шаруашылық бөлімі, сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін немесе электрондық пошта арқылы: Nurbolnu2@halykbank.kz

Тендерлік өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі – 2022 жылғы 25 наурыз сағат 10.00-ге дейін. Тендерлік өтінімдерді ұсыну орны: Қызылорда қ., К.Байсейітова к-сі 91А.

Тендерлік өтінімдер салынған конверттер тендерлік өтінім берген барлық келген әлеуетті жеткізушілердің қатысуымен келесі мекенжай бойынша ашылады: Қызылорда қаласы, К.Байсейітова к-сі 91А.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы білуге болады: 8(7242) 55-00-99 немесе e-mail: Nurbolnu2@halykbank.kz.

Қаржы мониторингі субъектілері үшін!

Еліміздің экономикасына елеулі залал келтіріп отырған әрекеттердің басым үлесін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру немесе жылыстату құрап отырғаны белгілі. Осы бағыттағы заңсыз әрекеттерді анықтау ҚР Қаржылық мониторинг агенттігінің құзыретіне берілген.

Бұл талаптар ҚР «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» заңымен белгіленген.

Заңға сәйкес, қаржы мониторингі субъектілеріне кіретін тұлғалар:

• заң консультанттары және заң мәселесі бойынша тәуелсіз мамандар;

• бухгалтерлік есеп саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын бухгалтерлік ұйымдар және кәсіби бухгалтерлер;

• лизинг беруші ретінде лизингтік қызметті лицензиясыз жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар;

• бағалы металдар және асыл тастармен, олардан жасалған зергерлік бұйымдармен операцияларды жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар;

• жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату мәмілелері кезінде делдалдық қызмет көрсететін дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар.

Осы аталған қызметті жүзеге асырушы тұлғалар уәкілетті органға «қаржы» санатындағы E-license порталы (сілтеме: https://elicense.kz) арқылы қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама жіберуге міндетті. Сондай-ақ, мониторингке жататын субъектілер заңмен қаралған талаптар бойынша ақпаратпен танысу үшін «Қаржы мониторингі субъектісінің» кабинетінде тіркеуден өтуі тиіс. Сілтеме: https://www.web-sfm.kfm.kz/, кабинетті пайдалануды басқару – https://afmrk.gov.kz/assets/files/department/290-py70k2.pdf).

«Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» заңның талаптарын орындамаған жағдайда ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 463, 214 баптарымен жауапкершілік көзделген.

Толық анықтаманы 8 (7172) 74-97-52 телефонынан алуға болады.

ҚР ҚМ Қаржы мониторингі агенттігі
Қызылорда облысы бойынша ЭТД баспасөз қызметі

Жарамсыз деп есептелсін

«NurOtan» партиясы Қызылорда облыстық филиалы Ережесінің түпнұсқасы өртеніп кетуіне байланысты жарамсыз деп есептелсін.

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылым-дарына хабарлан-дыру орналас-тырғыңыз келсе: **70-00-52** телефоны арқылы байланысуға болады.
E-mail: smjarnama@mail.ru

Д.АЯШҰЛЫ – 60

Өлеңдегі өр болмыс

Сыр елі шығармашылық өкілдерінің ортасында шоқтығы биік ақын, аймағымыздың талай жылғы тарихында қарымды қолтаңбасы бар қалам иесі, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, Ақпарат саласының үздігі Дүйсенбек Аяшұлы биыл асқаралы 60 жастың асуына шығып отыр.

Sb Ғазиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы»

Ақын мерейтойын өзі еңбек ететін «Сыр медиа» серіктестігі ұжымы, қаламдастары мен шәкірттері Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйінде алғашқы болып атап өтті. Шын өнердің бағасын білетін, шығармашылыққа жаны құмар журналистер қауымы ақын Дүйсенбек Аяшұлының сан алуан тақырыпты шарпыған, өрнегі бөлек өлеңдерін оқып, тыңдаушыларын тебірентті.

«Сыр медиа» серіктестігінің бас директоры, Қазақстан Журналистер одағы облыстық филиалының төрағасы, облыстық мәслихат депутаты Аманжол Оңғарбаев сонау студенттік шақтан бірге келе жатқан сыралғы сыйластығы мен адал достығы тұрғысынан ақынның адами болмысын биік бағалады. Тәнір сыйлаған талант иесінің туындыларында ешкімге ұқсамайтын ерек қолтаңбасы барын атап өтті. Осынау асқаралы асуында абыройы мен мәртебесі үстем болып, ойлы шығармалары оқырман жүрегіне жол табарына сенім білдірді.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, белгілі ақын, Қызылорда қоғамдық телерадиокомпаниясының құрылтайшысы, облыстық мәслихат депутаты Шәһизада Әбдікәрімов ақындық өнердің ауыр да абыройлы жүгін арқалаған мерейтой иесінің табиғи талантына, азаматтық тұлғасына айрықша баға берді.

– Ақынға тән қалыпқа сыймайтын қасиеті бар, сондығынан да қазақ поэзиясындағы қолтаңбасы өзгеше. Сыр топырағынан шыққан сүлейлер мұрасының сабағын үзбей, сөз қолданысына аса талғаммен қарайды. Әрбір туындысы өз алдына ерекше. Көненің көзінен көркем ой түйіп, ескіден қалған есті сөздерімен елең еткізеді. Жан дүниеңді жаңғыртады. «Өр ағыс» атты бір ғана туындысы – оның поэзия әлеміндегі өзіндік орнын айшықтап берді, – дейді Шәһизада ақын.

Ақын шығармашылығы туралы ой-пікірін білдірген Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры Шанжархан Бекмағанбетов Дүйсенбек Аяшұлы өлеңдерінің әр сөзі тасқа басқандай айқын, әрбір жолы зерлеп құйған өрнектей өзгеше әсерлі екенін айтты. Ал «Кәсіпкер келбеті» газетінің бас редакторы Жүзбай Таңырақбаев мерейтой иесімен қаламгерлік қызмет саласындағы көп жылғы сыйластығы жайында әңгімелеп, ағалық ақ тілегін айтты.

Поэзия кешінде Ғазиза Әбілда, Әзиз Батырбеков, Айжан Абдуллаева, Фариза Омарова, Биболат Сәтжан, Рыскелді Жахман, Ақтілек Бітімбай, Дина Бөкебай, Мөлдір Қалымбет сияқты әріптестері ақын өлеңдерін оқып, шығармашылық иесіне деген шынайы құрметін танытты.

Сыр елінің халқы Дүйсенбек Аяшұлын талантты ақын, қарымды қаламгер ретінде таниды. Аймақтың ата басылымы – «Сыр бойы» газетінде тілші, аймақтық тілші, бөлім басшысы, бас редактордың орынбасары болып көп жылдан бері жауапты қызмет атқарып келеді. Туған жері – Шиелі ауданының «Өскен өңір» газетінде, қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінде бас редактор қызметін абыроймен атқарып, қалың оқырманның құрметіне бөленді. Бірнеше мәрте облыстық, республикалық мүшәйралардың жеңімпазы атанды. Қазақстан Журналистер және Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі ретінде шығармашылық өлкеде қарымды қолтаңбасын қалдырды. «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісін иеленуі – осындай елеулі еңбегінің нәтижесі.

Өлеңдері көптеген жыр жинақтарына енгізілсе, 2003 жылы жарық көрген «Өр ағыс» атты туындысын оқырман жылы қабылдады. Ол қазақ әдебиеті мен мәдениетінің дамуына сүбелі үлес қосып, кейінгі толқын талантты жастардың шығармашылық тұрғыда шыңдалуына қолдау танытып келеді.

Халықтың қалтқысыз ықыласы болар, «Қызылорданың Қадыры» атанды. Қаламдас ағамызға алдағы уақытта да бақытты, баянды ғұмыр, шығармашылық шабыт тілейміз.

Суреттерді түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Қазақ әйелі ар-намысын ардақ тұтқан

Аймақтың ғылым саласында ұзақ жыл абыройлы қызмет атқарып келе жатқан аяулы ана, ұлағатты ұстаз, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Айман Ералықызы Айтбаева 60 жасқа толып отыр. Көктем самалымен келіп жеткен аналар мерекесі және ғалым ұстаздың мерейтойы қарсаңында арнайы барып, әңгімелескен едік.

– Айман Ералықызы, бойыңыздағы кеңпейілдік, көпшілдік, әсіресе, ойыңызды бүкпесіз ашық айтатын турашыл мінезіңіз сізді өзгелерден ерекшелеп тұрады. Ата-әже тәрбиесін алдым дейсіз, сірә, бұл қасиет сол кісілерден дарыған болар...

– Иә, сөзіңнің жаны бар. Атам Боранқұл, әкем Ералының берекелі шаңырағында өмірге келген жетінші перзентпін. Үш немересі енді мектепке барайын деп тұрғанда шетінеп, үш ұлдан кейін аймаңдайлы қыз дүниеге келгенде, атам мен әжемнің қуанышында шек болмайды. Есімімді белгілі қоғам қайраткері, журналист Нұрділда Уәлиев ағама қойғызыпты. Нұрділда ағам «Айман-Шолпан» жырындағы екі мұңлықтың Бағаналы – Балталы наймандармен еліне қайта аттанардағы қоштасуын айта келе, «немереңіз Аймандай ақылды, келесі қыз Маманның Шолпанындай сұлу болсын» деп менен кейін дүниеге келетін сіңілім екеуміздің атымызды бірден қойыпты. Әкем Айтбай – әжемнің тұлабойы тұңғыш ұлы. Анамызбен бақытты ғұмыр кешіп, он бес баланы дүниеге әкеледі. Барлығымыз да ата-әжеміздің бауырында өстік. Ол кісілер тәрбиелеген бала өзгеше болады ғой.

Шыр етіп сәби дүниеге келген сәттен бастап ата-ана алдында қыры мен сыры мол үлкен қоғамдық міндет тұрады. Ол – бала тәрбиесі. Ата-ана – бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Бала үшін олардан асқан тәрбиеші жоқ. Адамға ең алдымен білім емес, тәрбие керек. Тал бесігімізден бастап тәрбие берген атам мен әжеме барлық әулет қарыздармыз.

Әжем Суықбайқызы Раушан Тереңөзек ауданы, «Шаған» деген жерде дүниеге келген. Үш бауыры болады. Алайда сол заманда бүкіл елді қалжыратқан, қаңғыртқан, есінен адастырған ашаршылық, одан кейінгі соғыс тұтастай ұрпақты ерте есейткен емес пе? Әжемнің балалық шағы да сол зұлмат жылдарға тұспа-тұс келеді. Әкесі Суықбай бай-құлақ ретінде кәмпескеге ұшырап, айдалып кетеді. Аналары ертерек өмірден озады. Жоқшылық пен жетімдіктің зардабын көрсе де, марқұм әжем тағдырдың салған сынағына мойымай, тегеурінді мінезімен соңынан ерген үш бауырына пана болады. Тағдыр тауқыметі артқан сайын, қарағайға қарсы біткен бұтақтай өмірдің соққысы мен дауылына қарсы тұрады.

Атам Ералы күмістен түрлі бұйымдар жасап, саудалап нанпұл табады екен. Сөйтіп жүргенде әжемізді жолықтырып, осы күнгі Ж.Маханбетов ауылы маңындағы «Қаратабан» деген жердегі шаңырағына келін етіп түсіреді. Қызының артынан әкесінің өзі қуып келіпті. Келін түсірген әулет құданы кәде-салтымен күтіп, шығарып салады. Алайда көп ұзамай әкесі кәмпескеге ұшырап, айдалып кетеді. Ал әжем артына қарай-қарай кеткен әкесін содан кейін көрмейді. Жүрегін сағыныш кернеген сезімтал қыз әкесінің етігінің ізі қалған жерді ағашпен қоршап, көктемде он екі түп ағаш отырғызады. Ол үлкен баққа айналады. Сағынышын саялы баққа айналдырған, әкесін кие тұтқан қайран әжемнің әкеге деген махаббаты осылайша өрнек тапқан екен.

– Әйелдің жаратылысы нәзік, жан дүниесі аса сезімтал деп баға береміз. Алайда осы күні қоғамдағы кейбір әділетсіздіктер әйелдердің табиғатына ауыр соққы болған сияқты. Себебі, бүгінде әйелдердің бойында нәзіктіктен гөрі күрескерлік басымдау көрінеді...

– Негізінде әйелдің жаратылысы өте нәзік. Оны жаралап алуға әсте болмайды. Сонымен бірге, жер басып тірі жүрген соң тіршілік ережелеріне бағынасың, қоғам бағытына бейімделесің. Ал қажеттілік туғанда амалсыз оған көндігесің. Себебі, әлем жаратылғаннан бері бір арнаға түскен, бір ізбен жүрген бірқалыпты өмір ешқашан болмаған. Қоғамдағы хал-ахуал бәрімізге де ортақ. Әсіресе, әлеуметтік тұрғыда шешімін таппаған сауалдар жеткілікті. Құндылығымыздың бәрі бәсекеге түсті. Атам қазақ айтпақшы, «Аттыға еріп, жаяудың таңы айырылар» түрі бар... Дегенмен сабырлық таныта білген дұрыс деп ойлаймын. Жас шағымызда кез келген мәселеге бей-жай қарамай, білек сыбана кірісіп кетуші едік. Әйтсе де адам толысқан сайын өмір ырғағы өз арнасына түсіреді екен, қазір көп жағдайда сабырлық танытуға тырысамын. Жаратқан иеміз қандай бір жағдайда пендесін қараусыз қалдырмас...

Ең бастысы, ел іргесі аман болсын. Отанымыз тыныш, халқымыз сау, ұрпағымыз алаңсыз өмір сүрсе екен. Осы жылдың басында ел ішінде орын алған оқыс жағдайдан кейін мәселенің мән-жайын саралаған Мемлекет басшысы «Жаңа Қазақстан» идеясын алға тартты. Шындығында, қоғам бір орнында тұрмайды, өйткені уақыт оны күтпейді. Сондықтан жас ұрпағымыз сол әділетті де жасампаз қоғамды қалыптастырады деп сенемін.

– Ұстаз сөзінің астарында ұлағат пен құрмет тұнып тұрғандай сезіледі. Осынау мәртебелі мамандықты таңдауыңызға ұстаздарыңыз ықпал еткен сияқты...

– Мен қазіргі Ж.Махамбетов ауылындағы №143 орта мектепте оқыдым. Бүгінде қалай екенін білмеймін, ал біздің ұстазға деген махаббатымыз ерекше болды. Әліппені үйреткен алғашқы ұстазымның аяулы бейнесі әлі күнге дейін көз алдымда. Мектеп қабырғасында білім берген Ұлған Әбілова, Балтабек Байсынов, Асан Шәтенов, Батырхан Остаев, Күлзия Мәтиева, Өмірсерік Әбуов, Қарлығаш Иманбердиева сынды ұстаздарымның есімін ерекше құрметпен атап өтемін. Менің де осынау мамандықты өмірлік мұратыма айналдыруыма осы кісілердің әсері болғаны анық.

Орта мектепті бітірген соң комсомолдық жолдамамен жастар бригадасында екі жыл еңбек еттім. 1982 жылы М.Мәметова атындағы қыздар педагогикалық училищесіне оқуға түсіп, үздік дипломмен бітірдім. Одан соң сол кездегі Н.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтында жоғары білім алып, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен оқытушы мамандығын алдым. Иә, өзім армандағандай, ұстаз болып, шәкірт тәрбиелеу бақыты бұйырды. 1994 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Қазақ әдебиеті» кафедрасына жұмысқа қабылдандым. Ол уақытта кафедраны университет профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Ұлжан Жанбершиева басқаратын. Ол кісі менің біліміме, қарым-қабілетіме сеніммен қарап, кандидаттық диссертациямның тақырыбын да бекітіп берді. Осылайша филология ғылымдарының докторы, профессор З.Бисенғалиевтің жетекшілігімен 2001 жылы «XX ғасыр басындағы қазақ лирикасы» тақырыбындағы кандидаттық диссертациямды сәтті қорғап шықтым.

Ғылым саласы – инемен құдық қазғандай деп бағалайды біздің халық. Себебі, бұл салада әрбір істің байыбына барып, әрбір сөздің астарына үңілу қажет. Зерттейтін құжатыңды, талдайтын тақырыбыңды тап басып, оның ғылыми сипатын ашуға еңбек етесің. Осы жолда ойыма ой қосып, қолға алған ісіме қолдау танытқан ұстаздарым Сәнімкүл Желдербаеваны, Әлима Жақыпқызын, Ұлжан Жанбершиеваны ерекше атар едім. Оның ішінде күні бүгінге дейін бір шаңырақта еңбек етіп келе жатқан Ұлжан апамыздың менің өмір соқпағымда өзіндік орны бар. Бүгінде апалы-сіңлілі жандардай туысқанбыз. Әттең, бір Бақытжанның дүниеден ертерек кетіп қалғаны болмаса...

Бүгінде Қорқыт ата атындағы жоғары оқу орнында шәкірт тәрбиелеп келе жатқаныма 30 жылдан аса уақыт өтіпті. Осы жылдардың еншісінде қаншама ғалымдармен, қоғамдағы танымал тұлғалармен, қарапайым тілмен айтқанда, жақсы-жайсаңдармен сыралғы сыйластықтың ізі жатыр.

Бұл күнде білім ордасынан түлеп ұшқан мыңдаған шәкірттер қоғам, мемлекет мүддесі жолында жемісті еңбек етіп жүр. Олардың әрбір жетістігін көргенде көңіліміз марқайып қалады. Меніңше, ұстаз мәртебесінің түпкі мәні осында жатыр.

– Қазақ тарихында ар жағы Тұмар патшайымнан бастап аты аңызға айналған аналар жетерлік. Бұл нені білдіреді? Ақылы кемел қазақ әйелдерінің ұлттық болмысты қалыптастыруда айтарлықтай ықпалы болғанын айғақтайды емес пе?..

– Қыз баланың бойына асыл қасиеттерді дарыту тек ақыл айтумен не болмаса «қырық үйден тыюмен» шектелмейді, мәселе қай кезде, қандай жағдайда орынды ақыл ұсынып, үлгі-өнеге көрсетуде. Әйелі азған елдің ертеңі жоқ. Әйел ұлтжанды болмай, ұлтжанды ұрпақ өсуі де мүмкін емес.

Тарихтан бір-екі мысал келтірейік. Бопай ханым – Сәмеке сұлтанның жары. Ағасы Кенесары көтерілісін қолдай қоймаған Сәмекеге ашуланған ол бұл іске мойымай, қайта қайсарлана түседі. Алты баласын қасына алып, бүкіл малмүлкін қозғалыстың мүддесіне жұмсауға бел байлаған әйел үшін бұдан асқан ерлік бар ма? Елдік істе көшбасшылық жасау деген осы болар.

Бейбарыс сұлтанның әпкесі Айғаныс пен анасы Айтолқын ше? Екеуін құлдыққа алып кетейін деп жатқанда, Бейбарыс олардың орнына өзін алып кетуді өтінеді, күшінің молдығын ескертеді. Айғаныс арада біраз уақыт өткенде Бейбарыспен ұрыс даласында табысады. Бұл – Айғаныстың өз мақсатына жетудегі көзсіз ерлігі емес пе?! Інісін іздеуді армандап жүрген өжет қыз Шыңғысханның бір немересі Хұлағудың Шығысқа аттанып бара жатқанын естіп алады да, ерлерше киініп соғысқа аттанады. Хұлағу Голантау жотасында соққыға жығылады. Оны бастап келген Мысыр елінен Бейбарыс болады. Сол соғыста жараланып жатқан бір жасты көреді. Бетіне қарай қалса апасы Айғаныс екен. Міне, нағыз ерлік! Ұлттық болмысты кейіптеудегі қазақ әйелінің болмысы.

Әйгілі «Абай жолы» роман-эпопеясындағы әулетінің, ағайын-жұртының абыройын әріден ойлайтын Зере әженің тектілігі мен тәлім-тәрбиесі, Абайдай ұлды дүниеге әкелген Ұлжан ананың ақылдылығы мен байсалды болмысы, Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» шығармасындағы Ұлпанның образы да қазақ әйелінің кемеңгерлік келбетін танытады.

– Отбасы құндылығы дейміз. Бұл сөздің мағынасы қандай?

– Отбасы – адамның табиғи және әлеуметтік жағынан дамуына ықпал ететін ұлы қағанат. Оның әрбір мүшесі бір-біріне деген ыстық ықылас, зор құрметпен, асқан бауырмалдықпен осынау қағанаттың тұтастығын сақтайды. Адам бойындағы ар-ұят, ақыл-ой, адамгершілік мен сыйластық, әдептілік пен мәдениетті қалыптастыруда отбасы – алғашқы алтын баспалдақ.

Отбасы мен қоғам бір жүйенің екі түрлі: кіші және үлкен үлгісі деп айтар едім. Демек отбасы – қоғамды біріктіретін күш. Халқымыз үйде тәрбие беруде ең алдымен, баланы дене, ақыл-ой, адамгершілік негіздеріне баули отырып, имандылыққа жетелеген. Дені сау бала – табиғаттың ең тамаша жемісі. Сондықтан әрбір ана құрсақта жатқан шаранаға зор жауапкершілікпен қараған.

«Ұят болады» деген пайыммен үлкенге құрмет, кішіге ізет жасауды, өтірік, дөрекі сөйлемеуге баулып, бөтен үйден қарын тойдырмауды, бөтен жерге қондырмауды ыждағаттаған.

«Ата тұрып ұл сөйлегеннен, ана тұрып қыз сөйлегеннен без» деп әдепсіздіктің алдын алып отырған. Ер жете келе ата-баба аруағын, туған жерін, Отанын, ана тілін құрметтеуге, ұлтының тарихы мен мәдениетін, өнерін, әдет-ғұрпын, жеті қазынасын, жеті атасын жетік білуге тәрбиелеген. Бар жақсысын ұрпағына арнаған.

Біздің халқымызда ата-ананы сыйлау – адамдық борыш деп танылған. Әке мен шешенің сөзін екі ету деген болған емес. Әкеміздің бетіне тура қарауды білмеппіз. Әкесін сыйлаған қыз азаматын сыйлайды, барған еліне құрмет етеді. Ер адамның отбасының тірегі екені ешкімге де құпия емес. Өз кезегінде оған өзі құрған шағын мемлекеттің аман-саулығы, игілігі үшін зор жауапкершілік жүктеледі. Балаларын тәрбиелеу, жан жарына қолайлы жағдай жасау – оның басты міндеті. Еркек – отбасының қорғаны ғана емес, елдің қорғаны.

Ертедегі үнді елінде: «Егер әйел жарқын болса, үй іші де жарқырап тұрады. Егер түнеріп жүрсе, үй ішін қараңғылық басады» деген нақыл бар екен. Сондықтан ер азамат та, әйел де отбасындағы өз жауапкершілігін терең ұғынса, ағайын-туысқа, қоғамға сыйлы болады. Ал ұрпағы саналы, салауатты болып өседі.

– Адамның бойында парасат-пайымның, даналықтың қалыптасуына көркем әдебиеттің пайдасы бар ма? Айталық, өзіңіз қандай да бір шығарманың кейіпкерін үлгі тұтқан кезіңіз болды ма?

– Жоғарыда біршама айтып өттік, көркем әдебиет, көркем фильм немесе театр өнері болсын, ең бірінші адамның бойында мәдениеттің қалыптасуына әсер етеді. Жан дүниені толқытады. Кейіпкермен бірге тыныстап, аландайсың, қуанасың, әрқилы күйге түсесің. Қажет жерінде жеке көзқарасың ортақ пікірге ойысады. Маңызды мәселені қоғамдық тұрғыда пайымдауға қалыптасасың.

Көркем шығарма кейіпкерлерінің өмірі кейде арман-қиялыңмен ұштасып, жақсылыққа жетелесе, енді бірде оқиғаларды ой елегінен өткізіп, сабақ алатын кезің болады.

Өзім көп оқимын. Өйткені менің қызметіме үздіксіз ізденіс қажет. Сол оқып-тоқып, ойға түйген дүниелерімді шәкірттердің бойына дарыта алсам, мақсатымның орындалғаны деп ойлаймын.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Әңгімелескен
Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп,
«ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы
«Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 26337 Тапсырыс №358 | Кезекші редактор **Дүйсенбек АЯШҰЛЫ**